



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№160-161
(20036-20037)



24 қазан, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

СҰХБАТ



2 Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың «Эксклюзив» бағдарламасына сұхбаты

СЫР-СҰХБАТ



5 "Инвесторлардың ауылға деген көзқарасы өзгеруі қажет"

СПОРТ



7 Намыстан жаралған, жеңіспен оралған

ТЫЛЫСЫМ



8 Сайын даланың сұлуы

● ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС

Ұлттық кеңес тиімді құрылымға айналды

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысына қатысты. Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде Ұлттық кеңестің билік пен қоғам арасында сындарлы диалог орната алатын тиімді институционалды құрылымға айналғанын және оның мүшелері еліміз үшін маңызды шешімдер әзірлеп, солардың жүзеге асуына күш салып келе жатқанын атап өтті.

Қазақстан Президенті Кеңесте пандемияға қарамастан елімізді дамытудың өзекті мәселелері тұрақты түрде талқыланып, бірнеше маңызды бастама жүзеге асырылғанын, сондай-ақ, қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың түрлі салаларын реформалауға қатысты жаңа ұсыныстар әзірленіп жатқанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерін сайлау мәселесіне қатысты елімізді одан әрі саяси жаңғыртудың, Парламентке және жергілікті өкілетті органдарға әйелдер мен жастарды тарту тетіктерін жетілдірудің маңызды екеніне тоқталды. Мемішінде мемлекеттің үлесі бар компанияларда басшылықтың 30 пайызы әйелдер болуын міндеттеу қажеттігі туралы Ұлттық кеңес мүшелерінің ұсынысына назар аударды.

Президент отандастарымыздың еңбек миграциясына қатысты мәселені де көтерді. Сонымен қатар азаматтарымызды еліміздің оңтүстігінен солтүстігіне көшіруге қатысты ахуалды жақсартудың, көшіп келушілерге барынша қолайлы жағдай жасаудың маңызды екенін айтты. «Серпін» және «Дипломмен – ауылға!» жобаларын саралау қажеттігіне тоқталды.

Қазақстан Президенті білім беру жүйесіндегі мәселелерге арнайы тоқталды. Ол жоғары оқу орындарының ұйымдық құрылымын өзгерту жұмыстары бойынша тапсырма бергенін айтты.

– Көптеген жоғары оқу орны коммерциялық емес акционерлік қоғамға айналды. Бұл ел ішінде әртүрлі әңгіме туғызуда. Сондай-ақ ірі мемлекеттік жоғары оқу орындары кейін жекеменшікке сатылуы мүмкін деген де күдік бар. Осыған орай ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындарының сатылмайтын мәнімдеймін. Бұл мәселе айрықша назарда, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мектептердегі цифрлық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ, оқушыларды пандемия кезінде компьютермен қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталып, мектептерде сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті шаралардың біртіндеп қабылданып жатқанын айтты. Мектепте білім берудің мазмұнына ерекше көңіл бөлді.

– Беделді халықаралық зерттеу қорытындылары біздің оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша дағдылары жеткілікті деңгейде дамымағанын көрсетіп отыр. Сондықтан оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту еліміздегі орта білім беру ісінің басым бағытына айналуға тиіс. Баланың оқуға деген қызығушылығы, қоршаған ортаны кітап арқылы таныу мектеп қабырғасында қалыптасу керек. Ал кітапхана оқушының сол ынтасын оятып, оны қызықты кітап әлеміне жетелеуі қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың құқығын қорғау мәселелеріне де назар аударды. Адам саудасымен күрес мәселесін көтерді. Экологиялық туризмді дамытудың маңызы туралы да айта келе, мемлекеттік ұлттық табиғи парктарды дамытудың жоспарын үнемі жұртшылықтың талқысына салу үрдісін енгізуді міндеттеді.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, алдағы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы саяси және экономикалық реформалар, цифрландыру, адам құқықтарын қорғау, денсаулық сақтау және білім беруді дамыту, экологияны қорғау аясында өтуі керек екенін айтты. Бұл ретте, Президент Тәуелсіздіктің 30 жылдығы – Тәуелсіздіктің мәні мен құндылығын сезінуге зор мүмкіндік беретінін атап өтті.

Айта кетейік, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылғаннан бері Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кеңес мүшелерімен 24 (2019 жылы – 16, 2020 жылы – 8) кездесу өткізді. Сонымен қатар Ұлттық кеңес аясында жарияланған саяси реформалар топтамасы толығымен жүзеге асырылып, 7 заң қабылданды. Министрлермен онлайн форматта 8 кездесу өткізілді. Бұл тәжірибе жалғасатын болады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОБЛЫС ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ



Қазақстан Президентіне биылғы 9 ай ішіндегі Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері туралы есеп берілді.

Гүлшара Әбдіқалықова Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспарының әзірленуі туралы мәлімет берді. Онда экономиканың түрлі салалары бойынша құны 271 миллиард теңге болатын 265 жобаны жүзеге асыру және 4610 тұрақты жұмыс орнын ашу қарастырылуда. Облыс әкімінің айтуынша, биыл жалпы құны 26 миллиард теңге болатын 110 жоба іске асырыла бастаған. Бұл бастамалар аясында 2000 жұмыс орны ашылды.

Қазақстан Президентіне 15,5 мың гектар жерге егілген дәнді және майлы дақылдарды жинау науқанының аяқталғаны

жөнінде ақпарат берілді. 551,3 мың тонна күріш жиналып, жақсы көрсеткішке қол жеткізілген.

Облыс әкімі Мемлекет басшысына «Жұмыспен қамтудың жол картасының» іске асырылу барысы туралы айтты. Бұл бағдарлама аясында инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін 38 миллиард теңге тартылып, 9 мыңнан астам жұмыс орны ашылған.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыстағы коронавируспен күреске қарсы қабылданған шаралар туралы баяндалды. Өңір әкімінің айтуынша, қазіргі таңда барлық медициналық ұйымдар штаттық режимде жұмыс істеп

жатыр. Қажет болған жағдайда 21 жұқпалы аурулар стационарында қосымша 3200-ге дейін төсек-орын дайындауға мүмкіндік бар. Аймақ қажетті дәрі-дәрмектермен және қорғаныш құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Гүлшара Әбдіқалықова Президентке 200 орындық модульді жұқпалы аурулар ауруханасының құрылысы басталғанын жеткізді. Нысан осы жылдың 1 желтоқсанына дейін іске қосылады деп жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қызылорда облысының әкіміне қайта өңдеу өнеркәсібіндегі өсім көрсеткішін жақсарту, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету, экономикалық жобаларды әртарапандыру қажеттігіне қатысты бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ Президент өңірдегі эпидемиологиялық ахуалды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

● БАСПАСӨЗ – 2021

ТІЛЕГІМЕН ТІРЕК БОЛҒАН АРДАГЕРЛЕР



Сыр елінде 74 мыңнан астам зейнеткер-ардагер бар. Әрбір ауылда, әрбір ауданда, қалада, барлығы – 728 ардагерлер ұйымы жұмыс істейді. Біз қарттарымыздың тұрмыс-тіршілігін солар арқылы біліп отырамыз.

Кезінде қызмет істеген, саналы ғұмырын елінің еңбегіне арнаған бұл кісілердің әр қайсысы облыстың ата басылымын кемінде жарты ғасырдан жаңына серік еткен адамдар. Олар осы дәстүрінен

күні бүгінге дейін айныған емес. «Сыр бойын» әр күннің поштасынан асыға күтетін де солар. Бұл істе аймағымыздың руханиятшыл кәсіпкерлерінің ардагерлерге демеушілік жасап, газет жазылымына көмек көрсетіп келе жатқанын да айта кетугім керек. Дегенде, осы бастаманы шырқытыра түсу ардагерлерімізге рухани қолдау болар еді. Мұны ел-жанды азаматтар қолға алады деп білемін.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген сөздің төркіні тереңде жатыр. Елімізде болып жатқан жаңалықтар мен жақсылықтарға

құлағы түрік қарттар қашан да өзінің ақ батасын беріп, тілеулес болып отырады.

Сондықтан, ардагерлеріміз жанына қуат, жанарына сәуле құйған төл газеттерін жаздырып алуға келгенде биыл да белсенділік танытады деп сенемін. Өйткені, олар қашан да үлгі мен өнеге қалыбы, өмірден түйгенін өзіне кейінгі ұрпаққа аманаттаушы миссия иелері.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы



САНА СЕРГІМЕЙ, ІНДЕТ ІРКІЛМЕЙДІ

Әлем елдерін әлекке салған «COVID-19» вирусы біздің мемлекетіміз үшін де қауіп туындауда. Қатерлі індет облыс көлемінде ең алғаш 28 наурызда тіркелген болатын. Алғашқы кезде тұрғындар аурудың бар екеніне сенбей, сақтық шараларына мән бермегенін білеміз.



Алайда қауіпті кесел өз дегенін істеді. Бірлі-жарым болса да үздіксіз тіркелген ауру маусым, шілде айларында тіпті өршігені есімде. Республика көлемінде ахуал күрделенді. Осыған байланысты қатаң карантиндік режим енгізіліп, шектеу шаралары қабылданды. Тамыз айында ауру едәуір бәсеңдегенімен, қауіп сейілген жок еді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы күзде пандемияның екінші толқыны болады деген болжам айтты. Қазірдің өзінде тұрғындар пандемия жайлы өткен шақта айттып жүр. Бірақ індет қайта белен алуға. Еуропа елдерінде, көрші Ресей

де коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны күн сайын артып отыр.

Біздің еліміздің солтүстік аймақтарында да эпидемиологиялық тұрақсызданды. Сондықтан сақтық шараларын қатаң ұстанып, өз денсаулығымызға өзіміз жауапкершілікпен қарауымыз керек. Облыста бүгінде індет жұқтырғандар саны 3249-ды құрайды. Оның 55,4 процентінде клиникалық белгілері бар болса, 44,6 процентінің клиникалық белгілері айқындалмаған. Ауруға шалдыққандардың басым көпшілігі – 20-29, 70-79 жас аралығындағы азаматтар. Бұл дегеніміз, карантиндік шектеулерге қарамастан, жастардың ойын-сауық басқосударының жалғасып, үлкен кісілердің ас беру, үй жағдайында той, жиындарға баруының тыйылмағанын көрсетеді. Осындай жиындарды болдырмау, алдын алу мақсатында облыста құрылған мониторингтік топ бүгінге дейін 3000-ға жуық тексеру

ұйымдастырып, 629 азаматқа әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамға толтырылды.

Мәселен, төтенше жағдай жарияланған 16 наурыз - 11 мамыр аралығында 229 ауру тіркелсе, төтенше жағдай алынғаннан кейін, яғни, 12 мамыр - 5 шілде аралығында ауруға шалдыққандар саны 1179-ға дейін өсті. Бұл – эпидемиологиялық ахуал тұрғындардың іс-қимылымен тікелей байланысты екенінің тағы бір дәлелі. «Сақтансаң сақтаймын» демекші, ендеше пандемияның бол-жамды екінші толқынын болдырмау өзімізге байланысты екенін ескеруіміз қажет. Осы орайда саулығымызға салғырт қарамай, сақтық шараларын қатаң орындауға шақырамын.

Әлия ЫДЫРЫСОВА, облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің бөлім басшысы

● БӘРЕКЕЛДІ!

СЫР ДИҚАНДАРЫ РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШТІ ЖАҢАРТТЫ

Биылғы жылы облыс бойынша 184,2 мың гектар жерге егіс егілді. Оның ішінде дәнді дақылдар 99,9 мың гектар, майлы дақылдар 5,7 мың гектар, мал азықтық дақылдар 61,0 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 17,6 мың гектар. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 89,5 мың гектар.

Ауыл шаруашылығы дақылдары өткен жылмен салыстырғанда 1,1 мың гектарға артық егіліп отыр.

Сонымен қатар, облыста егісті әртарап-тандыру бағытында алғаш рет перспективалы дақылдар қант құмайы 70 гектарға, соя 240 гектарға, жүгері дақылды 1667 гектарға дейін жеткізіліп, ылғал сақтағыш аквагелдерді пайдалану арқылы 80 гектар тәлімдік жерлерге күздік бидай дақылды егілді.

Жалпы облыс шаруашылық құрылымдары егілген ауыл шаруашылығы дақылдарын агротехникалық талаптарға сай егіп, күтіп - баптау жұмыстарын өз мерзімінде жүргізді.

Облыста егін жинау науқаны үстемізделі жылдың 15 қазан күні толық аяқталды.

Сыр диқандары ағымдағы жылғы орын алған су тапшылығы жағдайы мен бұрын-соңды болмаған пандемияның шектеулеріне қарамастан ала-жаздай жасаған тынымсыз еңбегінің нәтижесінде ел тарихында күрші өндіруден рекордтық көрсеткішті биыл тағы да жаңартып, жоғары өнім жинады.

89,5 мың гектар күріштің әр гектарынан 61,8 центнерден өнім алынып, ел қамбасына 551,3 мың тонна Сыр маржанын құйылды.

Сонымен қатар, облыс бойынша дәнді дақылдардан егілген күздік бидайдан 9,5 мың тонна (орта өнім гектарына 22,7 центнер), жаздық бидайдан 4,6 мың тонна (орта өнім гектарына 10,3 центнер), дәндік жүгеріден 2,2 мың тонна (орта өнім гектарына 40,4 центнер), тарыдан 1,4 мың тонна (орта өнім гектарына 27,9 центнер), жаздық арпадан 270 тонна (орта өнім гектарына 4,5 центнер), сұлыдан 4,7 тонна өнім алынды (орта өнім гектарына 9,4 центнер) және қант құмайынан 31 тонна өнім алынды (орта өнім гектарына 4,4 центнер).

Сондай-ақ, картоптан 66590 тонна, көкөністен 112 806 тонна, бақшадан 193 484 тонна өнім жиналды. Орта өнім картопта 173,7 центнерден, көкөністе 200,5 центнерден, бақшада 239,2 центнерден айналыды.

Майлы дақылдар бойынша: мақсарыдан 5579 тонна, күнбағыстан 162,2 тонна, соядан 263 тонна жиналып, әректардан орта өнім мақсарыдан 10,3 центнерді, күнбағыстан 23,2 центнерді, соядан 11,0 центнерді құрады.

Ауыл шаруашылық құрылымдары бойынша ескі жоңышқадан барлығы 208,0 мың тонна (орта өнімі 54,4 ц/га), жаңа жоңышқадан 17,4 мың тонна (орта өнімі 9,7 ц/га) жоңышқа шөбі жиналды.

Малазықтық 1112 гектар сүрлемдік жүгеріден 5 706 тонна сүрлем салынып, орта өнім 51,1 центнерді құраса, 112 гектар мал жемдік асқабақ дақылдан 1 680 тонна өнім алынып, орта өнімі 150,0 центнерді құрады.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 49-сессиясы 2020 жылғы 28 қазанда сағат 15:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылды.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 374 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Қосымша мәселелер. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2020 жылғы 28 қазанда сағат 11:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат



ОБЛЫС ӘКІМІ ГҮЛШАРА ӘБДІҚАЛЫҚОВАНЫҢ «ЭКСКЛЮЗИВ» БАҒДАРЛАМАСЫНА СҰХБАТЫ

Мұнда аймақ басшысы әйел адам, бұл бірден көрініп тұр деп ойласаңыз, мүлдем қателесесіз. Себебі, бұл жылтырлақтардың барлығы Гүлшара Әбдіқалықова аймақ басшысы болып тағайындалғанға дейін де көп бұрын болған.

Дегенмен, Қазақстан тарихындағы алғашқы әйел облыс әкімінің мұнда әйелдік мәселелермен айналысуға тіпті уақыты жоқ. Газдандыру, сумен жабдықтау, интернетке қол жеткізу деген сияқты проблемалар жетерлік. Әкінішке қарай, пандемия басталғаннан бері олар көбеймесе, азаймады. Қазақстан тарихындағы тұңғыш әйел облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықоваға өз сұрақтарымызды қою үшін бүгін біз Қызылордаға ұшып келдік.

Руслан Идрисов: — Гүлшара Наушақызы, Сізді Қызылорда облысының басшысы етіп тағайындағанын білгеніңізде қандай күйде болғаныңызды бірден түсініп алсам деймін. Өйткені, бұл Сіздің туған облысыңыз, туған жеріңіз. Аймақты басқаруға, оның проблемаларымен айналысуға келгенде қандай сезімде болдыңыз?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Біз енді мемлекеттік қызметкерлерміз, әрқашан дайын болуымыз керек. Мемлекет басшысы қайда бар десе, сол жерге баруымыз және өзімізде бар тәжірибені қолдануымыз қажет. Сезім қандай болды дейсіз бе? Біріншіден, бұл өте жауапты сәт еді. Дәл сол кез елімізде төтенше жағдай жарияланды.

Руслан Идрисов: — Сіз тағайындалғаныңыз туралы төтенше жағдай жарияланғанға дейін білдіңіз бе?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Төтенше жағдай кезінде. Сондықтан, мен мұның қандай үлкен жауапкершілік екенін түсіндім. Мұнда коронавирус өршіп бастағанда келдім. Бір жағынан, менің туған жерім. Бұл жерде көбіні білемін. 90-шы жылдары осы өңірде еңбек жолын бастадым. Әлеуметтік салада жұмыс істегендіктен, көптеген ақсақалдарды білуші едім. Мен сол кезде бірге еңбек еткен адамдар бүгінгі күні де еңбек етуде не зейнетке шықса да, қоғамдық жұмысқа қандай да бір үлесін қосуда. Сол себепті, екінші жағынан, қолайлы еңбек етем деп ойладым, қолдау сезіледі. Туған жерінің топырағы да ыстық дейді ғой.

Руслан Идрисов: — Дегенмен, біз Сіздің тарихымызға облыстың тұңғыш әйел басшысы ретінде кіргеніңізді әрдайым түсінеміз. Және қандай аймақ? Еліміздің солтүстігінде емес, оңтүстігінде. Дәстүрге берік өңірде. Қоғам тек біздің елде ғана емес, бүкіл әлемде патриархалды екенін түсінеміз. Қазіргі таңда батыста саясаттағы әйелдерге оңай емес екенін көріп отырмыз. Ал, мұнда — тұтас өңірде басшылық ету. Бұл тұрғыда қандай да бір проблемалар туындаған жоқ па? Жалпы, Қазақстан саясатындағы әйелдердің гендерлік жағдайы туралы не ойлайсыз?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Бұл тұрғыда біздің елде гендерлік саясат жаксы дамуда. Менің соңғы жылдары комиссияны басқарғанымды білесіз. Парламентте де әйелдер саны арты. Туалсіздіктің 30 жылы ішінде әйел министрлер де көп болды. Бірақ, әрине, облыс әкімі, аймақ басшысы ретінде бұл — бірінші рет. Мен үшін бұл өте жауапты. Екінші жағынан, менің бұрынғы айналысқан салама қарағанда бұл — кең ауқымдағы мәселелер. Бұрын әлеуметтік сала, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, білім беру болды. Енді мұнда экономика, шаруашылық мәселелері бар. Бұл ретте әріптестеріміз, орынбасарларымызмен бірлесіп еңбек етеміз.

Руслан Идрисов: — Менің ойымша, адам жана лауазымға келгенде, жана қызметке ие болғанда, ол әрқашан алдына маңызды мақсат қояды. Яғни, күнделікті өмірден басқа, Сіздің араласуыңызды қажет ететін алдына жоспарланбаған проблемалар, түйткілдер туындауы мүмкін. Гүлшара Әбдіқалықованың Қызылорда облысының басшысы ретіндегі негізгі мақсаты қандай? Сіз не үшін осындасыз?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Мен бұл жайында ұзақ ойладым. Сұхбат барысында бізге шағын және орта бизнесті дамыту керектігін айттым. Қайта өңдеумен, жеке өндіріспен, жеке кәсіпорындармен немесе кез келген іспен айналысуға мүмкіндігіңіз бар. Мүне, осыған көбірек назар аудару керек сияқты. Сонымен қатар, біз әрқашан қандай да бір қорға, мұнайға және басқаларына үміт арта беруге болмайды деп келеміз. Нақты сектормен көбірек айналысу қажет.

Біріншіден, біз мұнайлы аймақпыз. Қазіргі таңда мұнай өндіру төмендеп жатқаны белгілі. Егер 2011 жылы біз шамамен 11 млн тонна мұнай өндірсек, өткен жылы бар болғаны 5,6 млн тонна. Ал, биыл 4,2 млн тонна. Сіз құрылаудың қалай жүріп жатқанын көріп отырсыз. Сол себепті, біз бұл тұрғыда әлі де төмендеуді күтеміз. Бұл — объективті себептер. Мұнайдың сарқылуы, азаюы байқалады. Десек те, бұдан басқа, әрине, экономикалық факторлар да бар. Мұнай бағасының төмендеуі. Егер 2011 жылы баға 120 болса, қазір 40-45 доллар.

Руслан Идрисов: — Міне, қызық, бұл мәселені әріптестеріңізбен қалай шешіп отырсыз? Яғни, экономиканың басқа салаларына көшуге қатысты. Бүгінде қарапайым заттар экономикасы туралы көп айтамыз. Қазіргі таңда Қызылорда облысында қандай дүниелер енгізіліп жатыр?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Бүгін ашығын айтсам деймін, биыл бізде мұнай өндіру ғана емес, жалпы инвестициялар бойынша да төмендеу болады.

Өткен жылы, мысалы, республикалық маңызы бар ірі жобалар болды. Бұл Сарыарқа газ құбыры, бірнеше газ компрессорлық станциялар салынды. Күн электр станциялары — үлкен жоба еді. 140 миллиардтан астам құрады. Биыл мұндай жобалар жоспарланбаған. Осыған байланысты бізде инвестицияның төмендеуі байқалады. Биыл 230 млрд теңге көлемінде инвестиция салуды жоспарлап отырмыз. Сәйкесінше, егер инвестиция аз болса, онда құрылыс деңгейі төмен болады. Сондықтан, қарап отыруға болмайды. Әсіресе, мынадай уақытта.

Пандемия кезінде, алыс шетелдерді айтпағанда, басқа облыстармен қарым-қатынас жасау қиында соқты. Біз көптеген өнімдердің жетіспейтінін түсіндік. Ал, кейбір аймақтарда, керісінше, бізде жоқ өнімдер артығымен бар. Осыны ескере отырып, зерттеу жүргіздік, жергілікті университет ғалымдарын, экономистерді тарттық. Біздің өңірге ең қажетті 70 азық-түлік тауары басқа аймақтардан әкелінетіні белгілі болды, олардың арасында импорттық өнімдер де бар.

Әрбір отбасындағы күнделікті тұтынылатын өнімдердің барлығын зерттедік. Мысалы, сары май. Бұл бәріннің дастарханында болуы керек. Жылына бір тұтынушыға 4,7 кг сары май қажет. Жергілікті жерде оның тек 0,9% өндіріледі, қалған 99,1% сырттан әкелінеді. Келесі, бір адамға жылына 0,5 кг маргарин қажет. Біздің өңірде оны өндіруші мүлдем жоқ. Макарон өнімдері енді өндірілді. Цех жұрыда ғана жұмысын бастады. Оның әрі жеткіліксіз, небәрі 3,8% құрайды. Бұл — өте аз. Тапшылық 96,2% құрайды. Осы 70 түрлі аса күнделікті өмірге аса қажетті азық-түлік тауарларының барлығы дерлік сырттан тасымалданады. Сондықтан, арнайы жол картасын әзірлеп, түрлі бағдарламалар арқылы қолымыздан келгенше өзіміздің өндірістерді арттыруды қолға алуамыз. Бизнесің жол картасы, қарапайым заттар экономикасы арқылы бизнеске қайтарымды негізде қолдау көрсете алатын аймақтық инвестициялық қордың жұмысын кеңейттік. Мысалы, картон-ты Қостанай облысынан әкелеміз. Пандемия кезінде картонның жетіспеуінен баға көтеріліп кетті. Сондықтан, картон егісін кеңейтсек дейміз. Халық саны өскен сайын, қажеттілік те артады. Сондықтан, бұл алдымен тапшылықты қалай жоюға болатыны жайлы экономикалық қорытынды жасадық. Инвестиция тарту арқылы шағын шеберханалар, фабрикалар, түрлі жобалар құру қажет. Осы мақсатта ірі кәсіпкерлерді тарта отырып, 265 жоба жасалдық.

Руслан Идрисов: — Мұның барлығы 2023 жылға дейін орындалады деп жоспарланған ғой. Қазірдің өзінде айтарлықтай нәтиже бар ма?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Бұлардың біршесі келесі жылы басталатын жобалар бар. Әлі де толықтырамыз, осы жобалармен шектеліп қалмаймыз. Бұдан бөлек тағы 500-ден аса жобаны қарастырып жатырмыз. Қазіргі уақытта мұның барлығына 271 млрд теңгені құрайтын инвестиция тарту қажет. Бұл жобалар жоба күйінде қалмайды деп сенеміз. Орындалуын қамтамасыз етеміз. Жергілікті билік тарапынан көмек көрсетеміз. Ешқандай кедергі болмауы керек. Қазір сол бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Бұл дәл шағын және орта бизнесті дамытуға және экономиканы әртарапандандыруға бағытталған.

Руслан Идрисов: — Пандемияның алғашқы толқынынан кейін аймақтағы бизнестің ахуалы қандай? Қазір тұралаған кәсіпкерлер қалпына келіп жатыр ма? Сіз жергілікті бизнес элитасымен сөйлесіп тұрасыз ба? Олар не дейді?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Аймағымызда өндірістік құрылымдар тоқтаған жоқ. Мұнай саласында қиын кезеңге қарамастан жұмысшылар жұмыстан босатылмады, жаалаңдалып сақталды. Мұнай секторында 5 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Шағын және орта бизнеске келетін болсақ, басқа жердегідей белгілі бір қиындықтар бар. Мысалы, облыста 128 мейрамхана, кафе, пандемияға дейін жаксы ақша тапқан, кейін оларда қиындық туындады. Сондықтан, қазір олармен жұмыс істеп жатырмыз. Бизнес бағыттарын өзгертуге күш салудамыз. Қазірдің өзінде 10 мейрамхана өз бағыттарын өзгертті. Олардың барлығы жеке медициналық орталықтарға айналды. Осының арқасында жазда емдеу мекемелерінде төсек-орындар жеткілікті деңгейде болды. Науқастанған азаматтар осы жеке медициналық орталықтарға барып, уколдарын алып, дәрігерлердің кеңесіне жүгінді. Қазір бизнес құрылымдары бағыттарын өзгерту керек екенін түсінді. Біз оларға барынша қолдау көрсетіп жатырмыз. Атап айтса болсам, облыстағы 51 мың кәсіптік нысан салық жеңілдіктерімен қамтамасыз етілді.



4 мың кәсіпкер медициналық және әлеуметтік сақтандыру жарналарынан босатылды. Сонымен бірге, 9 мыңға жуық сауда орындары 70000 теңге көлеміндегі жалға алу ақысынан босатылды. Сондай-ақ, банктер де қосымша қолдау көрсетті. Барлығы 136 млрд теңгеге жуық 366 жоба қолдау тапты.

Руслан Идрисов: — Қиын жағдайда кәсіпкерлер сіздерге көмек қолын созды. Қаржылай, заттай қолдау көрсетті. Ал, қазір өздері қиындыққа душар болғаны жасырын емес. Тіпті кейбіреулері жабылып та қалды. Бұл кәсіпкерлер қайда барады? Кім оларға көмектеседі?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Бізде бір терезе қағидасымен қызметтер көрсететін сервистік орталық бар. Кәсіпкерлерді қолдау басқармасы бар. Қиындыққа душар болған кәсіпкерлерді осында жібереміз. Олар әрқашан көмектесуге дайын. Менің экономика жөніндегі орынбасарым Тілешов Нұрлан Шаймерденұлы қазір «Атамекенмен» және басқа да бизнес құрылымдармен бірлесіп кәсіпкерлікті қолдау мәселелерімен айналысуда.

Руслан Идрисов: — Демек, оларды далада қалдырмайсыздар ғой?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Жоғарыда сөз еткен 265 жобаны бірінші рет сайтта, БАҚ-та жарияладық. Егер идеялар болса, бізге келсін, олардың ұсыныстарымен жобалар санын қатарын арттыруға дайынбыз. Келген әрбір кәсіпкерге қолдау көрсетеміз, бағыт-бағдар береміз. Егер біреу қиығушылық танытып, белгілі бір жобаны айналысқысы келсе, көмектесеміз. Мүмкін, тәжірибелі кәсіпкерлер де кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп қалар. Қазіргі таңда біздің өңірден барған Ресейдің техникалық жарағы оқу орындарында 300-ге жуық түлек бар. «Болашақты» бітіріп келген азаматтар бар. Оларға да айтармын, бізге келіңіздер, жобаларыңызды ұсыныңыздар. Бірге жұмыс істейік деймін.

Сонымен қатар, жана модульдік аурухана салынууда. Озық технологиямен, қажетті заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген аурухана құрылысы қараша айында аяқталады. Өңіріміздегі ауруханаларды медициналық қондырғылармен қамтамасыз етуді ұдайы назарда ұстап отырмыз. Мысалы, наурыз айында елге өттегі беретін небәрі 64 аппарат болды. Қазіргі саны — 244. Сонымен қатар, ол кезеңде бізде өттегі концентраторлары болған жоқ. Қазір резервте 655 концентратор бар. Екі ауруханада бір орталықтан өттегі жеткізу жүйесін орнатып жатырмыз.

Руслан Идрисов: — Аймақ өзіне-өзі қамтамасыз етуі керек деп айтамыз. Сіз де бірнеше жылға арналған нақты бағдарлама бар. Бұл ретте ауыл-шаруашылықсаласындағы жағдай қалай екенін түсінгің келеді? Біз Қызылорда облысы күрші аймағы екенін білеміз. Бірақ, ауыл шаруашылығында көптеген проблемалар бар екені белгілі. Осыған қатысты қандай жоспарларыңыз бар?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Иә, бізде негізгі егіс — күріш. Биыл өнім көлемі мол. Жалпы, 89,4 мың гектар жерге егін егілді, алайда, 300 гектар өнім күйіп кетті. Сондықтан, ауыл шаруашылығын одан әрі әртарапандандыруды ойлауымыз керек. Егісті жылына 80-85 мың гектар деңгейде ұстап, басқа да дақылдарды егу керек. Мысалы, егер күріштің 1 гектарына 30-33 мың текше метр су кетсе, дәл осы су көлемі 10 мың гектар қызанаққа кетеді. Бұл ретте 1 гектардан 630 мың теңге, ал 10 мың гектар қызанақ алқабынан 26 млн теңге кіріс кіреді. Бұл салыстырмалы айтқанда.

Руслан Идрисов: — Адамдар үйренген. Олар жылдар бойы күріш өсіріп келеді. Қазіргі қиын жағдайда басқа егін түрін өсіруге көшу қиындық тудырмай ма?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Әрине, бұл жағдайды түсінуге болады. Бір жағынан, бұл егін түріне үйреніп қалғанбыз. Екінші жағынан, сұраныс бар. Біз республиканы күрішпен толық қамтамасыз етіп отырмыз. Сондай-ақ, өндірілетін күріштің жартысы экспортқа шығады. Сұраныс болған кезде одан әрі жұмыс істеуге ниет де болады.

Руслан Идрисов: — Терезіндегі көрініс көз қуантады. Қазан айының соңы болса да, ауа райы да жылы болып тұр.

Гүлшара Әбдіқалықова: — Сырдарияда қазір су көлемі ұлғайған. Жазғы уақытта су көлемі азайған еді. Дарияның бетінде шағын, ашық, құрғақ жерлер көрініп тұр. Қазір Сырдария арнасы тазартылуда. Биыл жұмысты бастадық. Бұл жұмыс бірнеше жылға созылады. Келесі жылы — негізгі жұмыс. Өздеріңіз білесіздер, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдауымен Сырдария арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жобасы жүзеге асырылды. Бұл жоба өте сәтті болды. Белгілі бір нәтижелер бар. Мысалы, осы жобаға дейін Арал теңізінде экологиялық жағдай нашарлап, балық аулау деңгейі төмен болды. Жылына бар болғаны 400 тонна. Қазір балық аулау жылына 8 мың тоннаны құрайды. Арал манында 9 заңыт салынды. Қазір балық өңделеді, жартысынан астамы экспортталады. Жұмыс жаксы жүруде. Сондықтан, Сырдарияны реттеудің екінші кезеңін іске асыру және Арал теңізінің солтүстік бөлігін ұлғайту міндеті тұр.

Руслан Идрисов: — Өзіңіз де көрген болуыңыз керек, басында бір аймақтың балалары интернетке қосылу үшін темір жол бойында планшетпен отырды. Біреуі үйдің төбесіне көтеріліп, интернетке қосылуға тырысты. Менің ойымша, егер біз қазір ауылдарға баратын болсақ, интернетке қосылуға мәжбүр болып отырған осындай оқиғаны көретін боламыз. Интернетке қолжетімділік мәселесін қалай шешуге тырысып жатырсыз, әсіресе, онлайн оқу кезінде.

Гүлшара Әбдіқалықова: — Барлық аймақтағыдай бізде де проблемалар бар. Қазір статистика көрсетіп отырғандай, жергілікті жердің 69%-ы интернетпен қамтамасыз етілген. Дегенмен, интернеттің сапасы барлық жерде бірдей емес. Бұл елді мекендердің 31%-ы интернет жок деген сөз. Сондықтан, Цифрландыру министрлігімен бірге жұмыс жүргізіліп жатыр. Биыл шамамен 23 ауылға интернет тартылды деп жоспарлануда. Қазір өздеріңіз білетіндей, балалар онлайн білім алууда. 300 мектептің 225-і онлайнда. Алыс ауылдардағы 75 мектепте дострулі түрде сабақ беріледі. Сондықтан, бірінші кезекте интернетті қамтамасыз ету бойынша жұмыс істейтін боламыз. Өздеріңіз білесіздер, министрліктің бүкіл республика бойынша өз жоспары бар. Бұл жұмыс біздің облыста басталды. Жыл соңына дейін елді мекендердің 80%-ы интернетпен қамтылады. Келесі жылдарда да осы бағыт бойынша жұмыс істейтін боламыз.

Руслан Идрисов: — Шынығызды айтыңызшы, кітап оқуға уақыт табысаз ба? Жұмыс кестеңізге сәйкес келе ме? Қай жанрды ұнатасыз? Классикалық, заманауи әдебиет, тарихи?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Мен үйде көбірек оқимын. Өртүрлі жанр-

ды ғой. Осы тұста, тағы да айтамын, халыққа сабырлық керек. Коронавирус індітіне қарсы егілетін вакцина мәселесі біздің елімізде жакын арада шешіледі деп ойлаймын. Күте білсек, оған да жетеміз. Пандемия басталғалы бері мен туыстарыммен мүлде жүзбе-жүз кездеспеймін десем де болады.

Руслан Идрисов: — Әдетте жакын адамдар болған жағдайды бүкпесіз, тіке айтады дейді. Олар қандай да бір кемшіні тұстарды Сіздің қаперіңізге салып, осыған шара қолданаңшы деп айтады ма?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Иә, маған сіндім өзі оқыған ақпараттарды мені хабардар ету үшін және сәйкесінше, қандай да бір шаралар қабылдауды қолға алуым үшін ватсап желісі арқылы әрдайым жолдап отырады.

Руслан Идрисов: — Сіздердің қалаңыз Елорданы еске салады. Мұнда да сол жағалау және оң жағалау. Сіз өзіңізді Нұр-Сұлтан қаласындағы үйіңізде өмір сүріп жатқандай сезінетін шығарсыз. Қанша дегенмен Сіз көп жыл Елордада жұмыс істеліңіз ғой. Мұндағы сол жағалауды қалай ілгерілетіп жатырсыздар? Құрылыстың қарқыны қалай?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Қаланың бас жоспары бойынша дарияның сол жағалауына түсетін құрылыс нысандарына арнап 1500 гектар жер бөлінген. Қазір мұнда тұрғын үй массиві бар, яғни тұтас бір шағын аудан. Дегенмен, құрылыс әлі де жалғасатын болады. Екі мектеп болады. Жоспарда театр, саябақ салу бар. Келесі жылы тұрғындардың серуендеуіне арналған аллея салуды жоспарлап отырмыз. Көзделген уақыттан бастап тұрғындар аллеяда демалатын болады деп үміттенемін. Гүл, ағаш және т. б. отырғызылатын болады.

Ауыл шаруашылығына, туризмге көбірек көңіл бөлуіміз керек. Біздің өңірімізге Түркістан қаласы жакын орналасқан. Онда туризмді дамыту қолға алынып жатыр және осы саланы біздің облыста да дамытуға болады. Түркістан біздің Жанақорған ауданының орталығынан қашық емес, екі ара небәрі 100 шақырым. Жанақорғанда балшықпен емдеу санаторий, түрлі санаторийлер кешені бар.

Өңітмемізді Қызылорда қаласына бұрайық. Қызылорда өткен ғасырдың басында Қазақ КСР-ның астанасы болған. Қаламызда мұражайлар бар, біраз жинақталған жәдігерлер бар. Сонымен бірге, өңіріміздегі ескі қалалардың орындарында қазба жұмыстары жүріп жатыр. Осының алдында сөз болған Жанақорғанның жанында ескі Сығанақ қаласының орны жатыр. Қазалы ауданы аумағында да археологиялық қазба жұмыстары жүруде. Қазалы — ежелгі Жібек жолы бойында орналасқан елді мекендердің бірі.

Облысымызда туризмді дамытуға үлес қосатын аймақтардың бірі — Байқоңыр қаласы. Жакында Байқоңыр ғарыш айланынан Союз МК-17 кемесі ғарышқа ұшырылған күні мен жұмыс сапарымен сол қалада болып, ұшырылуын сәтіне күү болдым.

Сонымен бірге, ғарыш кемесінің көкке көтерілуін байқауға арнайы Ресей ғарыш агенттігінің төрағасы Дмитрий Рогозин келді. Ғарыш кемесінің ұшырылуын көруге келген көптеген туристерді көрдім, өңірімізге туристік сапармен келуге ынталы адамдардың көп екеніне көз жеткіздім.

Ауқымды жоспарларымыздың бірі — әуежай кешенін қайта салу. Театр киім ілгіштен басталса, қала әуежайдан басталады. Қазіргі әуежай — шағын. Мен осында келесін әуежайдың жаңа жобасын көріп танысып шықтым. Жобалық құны 18 млрд теңге, өте қымбат. Менің ойымша, бұл дәл қазір бізге тиімсіз. Түркістанда халықаралық әуежай салынууда. Сондықтан, бізге мұндай қымбат әуежай қажет емес. Бірақ, қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, кешен аумағын ұлғайтып, барлық халықаралық стандарттарды енгізе аламыз. Бұл жұмыс жоспарымызда бар, келесі жылы жүзеге асыруымыз мүмкін.

Руслан Идрисов: — Сіз Жанақорған туралы айттыңыз. Егер мен дұрыс түсінесем, Сіз ол жакта демалдыңыз, солай ма? Бір кездері ол жакта болдыңыз ба? Әлде жолыңыз түсіп, аялдыңыз ба?

Гүлшара Әбдіқалықова: — Мен өзім ол жакта демалған емеспін. Бірақ, бардым, көрдім. Пандемия кезінде ондағы кейбір ғимараттарды қарантын шараларын қолдануға, адамдарға медициналық көмек көрсету үшін қолдандық.

Руслан Идрисов: — Мен сұхбатымыздың соңында қазақстандықтарды Қызылорда облысына келуге шақырамын. Мұнда көруге болатын дүниелер, саяхаттайтын орындар бар.

Гүлшара Әбдіқалықова: — Біз облысымызға келетін қонақтарды қай кезде де қонақжайлықпен қарсы алуға әзірміз. Қызылорда облысына келіңіздер. Туризм де дамитын болады. Бірақ, қазір санитарлық нормаларды, карантин талаптарын сақтау керек. Пандемия жакын арада аяқталады деп үміттенемін.

Руслан Идрисов: — Біз бүгін еліміздің танымал саяси қайраткері, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықовамен сұхбаттастық.

Сұхбаттасқан Руслан ИДРИСОВ, «Атамекен Business» телеарнасының редакторы

Заманауи медиа және баспасөз қызметі

Бұқаралық ақпарат құралдары мен баспасөз қызметінің қарым-қатынасы механизмін жетілдіруді мақсат еткен семинар осылай аталды. Маңызды шараның ашылуына облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет қатысып, мамандар үшін сапалы контент жасау, мақсатты аудиториямен тиімді жұмыс жүргізу маңызды екенін атап өтті.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»



— Біздің өңір — қаймағы бұзылмаған тіл мен рухтың, қазақылықтың қайнаған ортасы. Сонымен бірге ұлтжанды журналистердің алтын ұстаханасы. Сыр журналистикасы креативті, пассивонарлы және объективтілігімен ерекшеленеді. Осы ретте, облысымызда мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында бекітілген мамандар журналистермен тығыз байланыс орнату қажет. БАҚ беттеріне жарияланатын нақты мәліметтерді ұсына білулері тиіс, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Семинарға аймақтағы мемлекеттік мекемелерден 60-қа жуық баспасөз хатшысы, PR менеджер қатысып, секциялық жұмыстарда шеберлігін шыңдады. «Qyzylorda» телеарнасының бас редакторы, «Үштаған» ақпараттық-сараптама бағдарламасының жүргізушісі Айнұр Тұңғышбаева «Баспасөз қызметі — ТВ-Ньюсмейкер» тақырыбында, «Үстаз мәртебесі» газеті мен «Әлім-сак» журналының бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы «Ақпарат алмасудағы баспасөз хатшыларының рөлі», блогер, «Социум-Қызылорда» қоғамдық қорының басшысы Ерлан Мұсаев «Сапалы контентті қалыптастыру, ақпаратты берудің жаңа стильдері мен әдістері» тақырыбында дәріс оқыды.

— Онлайн-медиа нарығы алуан түрлі. Жаңа трендтердің шығуымен жаңа бағыттар пайда болуда. Қазірдің өзінде түрлі аудиторияны

жетік білетін, әлеуметтік желі, мессенджерлерде жұмыс істей алатын SMM мамандары сұранысқа ие болып отыр. Интернет аудиториямен өзара қатынастың қандай да бір көрсеткішін өлшеп отыруға арналған құралдар жұмыстың маңызды бөлігіне айналуы тиіс. Олардың көмегімен контенттің тиімділігін сараптауға, материалды ілгерілету стратегиясын құруға мүмкіндіктеріңіз бар, — деді Ерлан Мұсаев.

Семинарда онлайн-құралдарды таңдау кезінде тегін және ақылы сараптама сервистерінің әртүрлі екенін ескеру қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар қаралым мен оқылым саны туралы деректер материалдың құндылығы жөнінде түсінік қалыптастыруға көмектескенімен, құралдар көмегімен өлшеуге келмейтін факторлар барын ұмытпаған абзал. Мәселен, материалдың әлеуметтік маңызы. Басқаша айтқанда, сан көрсеткіші әр кезде сапа көрсеткіші бола алмайды. Оған қоса таймлайн-ға, яғни уақыт желісін пайдаланып, қай уақытта материалға аудитория назары көбірек ауады деген дүние назардан тыс қалмағаны жөн. Бұл кеңестердің барлығы мамандарға әлеуметтік желідегі жұмысты көрсетуге ықпал етеді. БАҚ-пен байланысты күшейту, нақты ақпаратты дер кезінде ұсыну, баспасөз релизін сауатты жазу мәселесі де назарда.

Қатысушылар медиасауаттылықты арттыруға бағытталған бұл шарадан түйгені көп. Олардың ендігі мақсаты — оны қажетке жарату.

● САЙЛАУ – 2021

«Ерекшеліктерге сай дайындық жасалуда»

Келер жылдың 10 қаңтарында ҚР Парламентінің Мәжілісі және мәслихат депутаттарын сайлау өтеді. Саяси науқанға әзірлік басталып кетті. Әрине, сайлау өткізу — үлкен жауапкершілік. Ал осы сайлаудағы өзгерістер туралы не айта аламыз? Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаевпен сұхбатымыз осы мәселелерге жауап іздейді.

— Ғалым Қонақбайұлы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл жолғы науқанның басты ерекшелігін ашып түсіндірсеңіз...

— Сұрағыңыз орынды. 21 қазан күні Қазақстан Республикасы Президентінің Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын тағайындау туралы № 439 Жарлығы жарияланды. Сонымен қатар, Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы тағайындалмақ. Сайлау конституциялық мерзімге сәйкес, 2021 жылдың 10 қаңтарында өтеді. Бұл сайлауды саяси жаңғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысуын кеңейту аясында өткізу жоспарлануда.

Басты ерекшеліктердің бірі — «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға және «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» заңға түзетулер енгізу арқылы парламенттік оппозиция институтын құру мәселесін қарастыратын және оның қызметін регламенттейтін өзгерістер мен толықтырулар жасалады. Сондай-ақ, тәжірибеде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 проценттік

квота енгізілді және мәслихаттар сайлауы алғаш рет партиялық тізім бойынша өтеді.

— Сайлауға қанша партия қатысады?

— Бүгінде Әділет министрлігінде 6 саяси партия тіркелген. Олар: «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Бірлік» партиясы, Қазақстан коммунистік халықтықпартиясы, «Nur Otan» халықтық-демократиялық партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы. Сайлау кезінде бөлек бір мандат үшін емес, саяси партиялардың күресі болады. Олар өз кандидаттарын партиялық тізіммен ұсынады. Бірлескен сайлауда облыс, қалалар мен аудандарда дауыс беретін азаматтарға үш бюллетень беріледі. Біреуі — мәжіліс, екіншісі — облыстық мәслихат, ал, үшінші бюллетень қалалық немесе аудандық мәслихат депутаттарын партиялық тізіммен таңдауға арналған. Осылайша, үш бюллетень бөлек саналып, нәтижесі де бөлек шығарылады.

— Елімізде орын алып жатқан пандемияның сайлауға әсері болуы мүмкін бе? Бұл жағдайда дауыс беру тәртібі қалай ұйымдастырылады?

— Осы сайлауды ұйымдастыру және өткізу барысында Орталық сайлау комиссиясының және Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің бірлескен қау-



лысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауды өткізу кезінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу жөніндегі ұсыныстар» басшылыққа алынады. Пандемия жағдайында сайлау процесіне қатысушылардың санитарлық қауіпсіздігіне айрықша көңіл бөлінген. Мәселен, үгіт науқанында кандидаттардың таңдаушылармен онлайн-режимдегі кездесулермен қатар тиісті санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып жүзбе-жүз кездесулері ұйымдастырылады. Оған қоса дауыс беру күні дауыс беретін үй-жай тиісті талаптарға сай жабдықталып, медицина қызметкерінің қатысуымен өтетін болады.

— Шетелдік байқаушылар жайы қалай болмақ? — Орталық сайлау комиссиясының 2020 жылғы 22 қазандағы №30/337 қаулысымен халықаралық байқау жүргізу институты ашылды. Шет мемлекеттің, халықаралық ұйымның байқаушысына, сондай-ақ шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өкіліне бір аудармашы өзінің жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткен кезде ілесіп жүре алады. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өкілі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі берген аккредиттеу туралы куәлігі болған кезде сайлауда байқауды жүзеге асыра алады. Оларды аккредиттеуді жүргізу 4 қаңтарда сағат 18-де аяқталады.

— Біздің өңірдің да-йындығы қалай? Қандай

жұмыстар жасалып жатыр?

— Науқан 10 қарашадан басталады. Осыған байланысты қазір учаскелік сайлау комиссияларын түгендеу әрі шекараларды бекіту жұмыстары жүруде. Сонымен бірге Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен бекітілген күнтізбе жоспарына сәйкес облыстық сайлау комиссиясының қаулысын бекіттік. Аткаруға тиіс жұмыс көп. Алдағы уақытта бәрі ретімен жоспарға сай іске асатын болады.

— Қанша сайлау комиссиясы жұмыс жасайды? Өңірде мәслихат депутаттарының санына тоқталсаңыз.

— Облыс бойынша 385 сайлау комиссиясы жұмыс жасайды. 9 аумақтық сайлау учаскесінде — 63 мүше, 376 учаскелік сайлау комиссиясында 2754 мүше жұмыс атқаратын болады. Ал мәслихат депутаттарына тоқталсам, Орталық сайлау комиссиясының осы жылғы 11 қыркүйектегі Қаулысымен құрылған облыс бойынша мәслихат саны — 9, 1 — облыстық, 1 — қалалық, 7 — аудандық. Мандат саны барлығы облыс бойынша — 152. Облыстық мәслихатта — 33 мандат, Қызылорда қаласына — 22 мандат, Арал, Қазалы, Шиелі, Жанақорған аудандарына — 15 мандаттан, Қармақшы ауданында — 13, Жалағаш, Сырдария аудандарында — 12 мандаттан. Ендігі жерде барлық азаматтарды белсенді азаматтық ұстаным танытуға, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың алдағы сайлауына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

Әңгімелескен
Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҒЫЗЫ
«Сыр бойы»

● БРИФИНГ

Шиелі: дамудың жаңа кезеңі

Жыл басынан бері Шиелі ауданындағы өнеркәсіп орындары 24,3 млрд теңгенің өнімін өндіріп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 107,8% құрады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемі 8,5 млрд теңге. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 180,9%-ке артық, 1 қазандағы мәлімет бойынша ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерліктің саны 5183-ке жетіп, тиісті кезеңмен салыстырғанда 113,4 %-ке артып отыр.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Шиелі ауданында Президент Жолдауынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру барысын баяндаған аудан әкімі Қамбарбек Мұбараков осындай деректер келтірді.

— Өздеріңізге белгілі, биыл мемлекет үшін де, халық үшін де қиын уақыт болды. Елімізде таралған жұқпалы індет біздің ауданымызда да тіркелді. Дегенмен, ежелден еңбекқорлығымен танылып, еңбекші халық атанған аудан тұрғындары бүгінде тынымсыз тіршілікке ден қойған, — деген аудан басшысы 9 айда атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

Жылдық көрсеткіші 26,6 млрд теңгені құрайтын аудандық бюджеттің кірісі 1 қазанға болжамдалған 18,1 млрд теңгенің орнына 18,7 млрд теңгеге немесе 103,2%-ке, оның ішінде аудандық бюджеттің өз кірісі болжамдалған 1,4 млрд теңгенің орнына 2 млрд теңге болып, яғни 140%-ке немесе 579 млн теңгеге артығымен орындалды. Облыстың онтүстігінде орналасқан аудан аграрлық саладағы жетістіктерімен мақтана алады. Жыл басынан бері аудан екі жарым мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығарған. Атап ай-

тқанда, 120 тонна ақ күріш, 451 тонна көкөніс, 1855 тонна бақша дақылдары Ресей және Қырғызстанға экспортталды. Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Петропавл, Ақтөбе және Жанаөзен, Шымкент, Ақтөбе, Ақтауға 390 тонна ақ күріш, 430 тонна қарабыз, 1500 тонна қызанақ және 875 тонна жорықша сатылды. Ауданда 29461 гектар жерге егін егіліп, одан 23,1 млрд теңгенің өнімі өндіріліп отыр. Бұл өткен жыл көрсеткішінен 104%-ке артық. Өзбекстанның "Organic solutions" компаниясы мен ауданның 3 ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі бірлесіп, 60 гектар жерге (40895 дана көшет) алма, жүзім және түрлі жеміс ағаштарын отырғызды. Оған қоса Сәлутөбе және Қарғалы елді мекендерінде жеке кәсіпкерлер 5 гектарға алма және жеміс ағаштарын екті. Ауданда 6 жылыжай жұмыс істеуде.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында биыл Шиелі ауданындағы білім мекемелері ғимараттарының күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарына 668 млн теңге бөлініп, 1 мектеп күрделі, 1 мектеп ағымдағы, 2 балабақша ғимаратты күрделі жөндеуден өтті. «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы бойынша 224,6 млн теңгеге 1 мектеп күрделі жөндеді



өтті. "Жұмыспен қамту жол картасы" бағдарламасы шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттен барлығы 293 млн теңге қаржы бөлініп, 23,5 шақырымды құрайтын 68 көшеге жөндеу жасалған. Сондай-ақ, 11 елді мекенде ұзындығы 23 шақырым 27 көшеге 224,4 млн теңгеге күрделі, орташа және жай жөндеу жұмыстары жүргізілді. Биыл Шиеліде жанадан 3 сауда дүкені және 1 күріш ақтау зауыты іске қосылды.

Қазір Шиелі кенті бойынша жеке тұрғын үйге газ кіргізу-ге 6384 өтініш тіркеліп, оның 6358-іне монтаж жүргізіліп, 6351-і газ пайдаланып отыр. 190 мекемеге газ кіргізілген.

Брифинг барысында Қ.Мұбарак кент, аудан тұрғындарын көптен мазалап жүрген бірқатар мәселелерді шешу бағытында қолға алынған жұмыстарды атап өтті. Соңғы жылдары күршітіктен шығатын К-1, К-4 қашыртықтарының кент ішінен өтуі себепті жерасты суы көтеріліп, кей үйлерге қауіп туындаған болатын. Ал жерасты суын төмендету мақсатында өткен маусымда

70-ші жылдары салынған тік дренаждардың барлығы істен шыққан. Облыстық бюджеттен 266 млн теңге қаржы бөлініп, аудан орталығына жанадан 10 скважина (тік дренаж) орналастыру жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ аудан тұрғындарының қауіпсіздігі үшін және жалпы қажеттілікке сәйкес, бірнеше жылдан бері айтылып келе жатқан, Шиелі станциясының "Шиелі-20 бекет" учаскесі 2945 шақырымдығы темір жол арқылы өтетін автомобиль жолы көпірі құрылысы басталған. Құрылысына 673 млн теңге бөлінген бұл нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Сол секілді «Самара-Шымкент» автомобиль жолы бойындағы Жөлек учаскесіндегі Сырдария өзенінен өтетін қалқыма-лы көпірді күрделі жөндеуге 103,3 млн теңге қаржы қаралып, құрылыс жұмыстары аяқталды.

Аудан әкімі, сондай-ақ, денсаулық, білім, мәдениет, спорт, әлеуметтік сала бойынша жұмыстар жөнінде ақпарат ұсынып, журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

● ПІКІР-ПАЙЫМ

Сындарлы уақыттағы саяси өзгеріс

Қазақстан өз дамуында жаңа кезеңге қадам басты. Қазір ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен әлемдегі ізгілік атаулыға жақын деген демократиялық үдерістерді серпінді дамытуға деген ниетін сездірді. Кезінде ұлы Черчилль «әлемде елді басқарудың демократиялық үлгісі ең ауыр жол, бірақ адамзат баласы әзірге бұдан басқа тиімді жолды ойлап тапқан емес» деп атап көрсеткен болатын.

Батыс өркениеті бұл жолда өз тарапынан 300 жылдың сарп етті. Билік пен қоғамдық күштер небір сынақтардан өтті. Дегенмен, сол қиындықтарды жеңіп, бүгінгі өркениетке жетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлауын тағайындау туралы Үндеуінде елімізді демократияландырудың өзекті мәселелері айтылды. Сайланатын жаңа Парламенттің қызмет жасау аясы кеңейетін болады.

Енді Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің бір төрағасы екі хатшысы парламенттік оппозиция депутаттары арасынан сайланатын болады. Бұл — бұрын-соңды болмаған ірі саяси қадам. Президент еліміздің сайланбалы органының қызметін демократияландыруға байланыс-

Даму жолын айқындайды

Ел Президенті Үндеуінде Мәжіліс, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы тағайындалғаны туралы айтты.

«Бұл сайлау конституциялық мерзімге сәйкес, 2021 жылдың 10 қаңтарында өтеді. Барлық саяси партиялардың бұл сайлау науқанына қатысуға дайындалуына, сайлау алдындағы платформасын әзірлеуіне, партиялық инфрақұрылымдарды жетілдіруіне уақыты жеткілікті болды» делінген Үндеуде.

Осы науқан әлемдік тәжірибеге сай саяси жүйені нығайтуға ықпал етеді деп ойлаймын. Сонымен қатар, еліміздегі саяси процестерді

жетілдіруге, Қазақстан дамуының жаңа саяси жолының айқындалуына септігін тигізеді.

Президент өз Үндеуінде атап өткендей, жаңа сайлау науқанына дейін саяси жаңғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейту жөнінде шаралар қабылданды. Бұл шаралар парламенттік оппозиция институтын және партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 проценттік

квота енгізу мәселелеріне қатысты.

Сайлау еліміздегі барлық саяси партиялардың өз бағдарламаларын таныстыруға және халықтың сеніміне ие болуына үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан алдағы сайлау демократияны нығайтуға, қоғамдық ынтымақтастықты күшейтуге және еліміздің дамуына жаңа серпін береді деп сенемін.

Баймырза
ҚОЖАМБЕРДИЕВ,
философия
ғылымдарының докторы,
профессор

Даму жолын айқындайды

квота енгізу мәселелеріне қатысты.

Сайлау еліміздегі барлық саяси партиялардың өз бағдарламаларын таныстыруға және халықтың сеніміне ие болуына үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан алдағы сайлау демократияны нығайтуға, қоғамдық ынтымақтастықты күшейтуге және еліміздің дамуына жаңа серпін береді деп сенемін.

Әмірхан НҰРЫМОВ,
«Болашақ»
университетінің
жалпы білім беру
кафедрасының
аға оқытушысы,
саяси ғылымдарының кандидаты



ЕРТЕҢ – ӘЛЕУМЕТТІК ҚОҒАМ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

– Өзі бір мың болғыр жан екен. Өркені өсіп, еңбегі жансын айналайын!
– Иә, қашанда қамқор, тынымсыз Әсемкүлдей кісі көп болса ғой, шіркін?!

Жан жылуын аямаған



Кент тұрғындарының арасында Әсемкүл Ергалиева жайындағы осындай жылы лебізді жиі естисіз. Себебі, ол – шындығында да алғыс алуға, өнеге тұтуға, мақтан етуге тұрарлық жан. Әлеуметтік салада 35 жылдан астам уақыттан бері қызмет жасап, құрметке бөленіп жүр. Қарауында 18 жасқа дейінгі – 1, және одан жоғары 5 мүгедек бала бар. Соларға күн сайын түрлі қызметтер көрсетіп, қолдан келген жәрдемің аямай өз балаларындай айрықша ықыласпен қарайды. Олар да Әсемкүл апайларына өбден бауыр басып алған. Өрдайым іздеп, көрген сәтте маз-мәйрам болып, қуаңгандарын жасыра алмай, көздерінде нұр ойнап шыға келеді.

Біздің міндетіміз – мүгедек жандардың мұң-мұқтаждарына жәрдемдесу, мүмкіндігінше мейірім-шуағына бөлеп, қоғамда өзін жалғыз сезінуіне жол бермеу, өмірге деген құлшынысын арттырып, келешекке сенімін нығайту, – дейді Әсемкүл Ергалиева. Осы орайда әрқайсысының

мінез-құлқына сәйкес жылы қабақ танытып, көмек беріп, көңілдерін көтеріп, күн сайын өздерін жақсы сезінуіне ықпал жасап отырамыз.

Негізінен әлеуметтік қызметкерлер 8 бағыт бойынша – әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, педагогикалық-психологиялық, экономикалық және құқықтық бағыттар бойынша қызмет көрсетеді. Өр мүгедек баланың денсаулығын қорғау, емханаларға апарып, тиісті дәрі-дәрмектерін алу, басқа да түрлі мемлекеттік қызметтерді пайдалануына жәрдемдеседі. Әсіресе әлеуметтік төлемдерді уақытылы алу жұмыстарына игі ықпал жасап үй ішіндегі тұрмыстық жағдайларына қол ұшын береді. Мереке күндері олардың мәдени-спорттық шараларға қатысуына көмектесу, еңбекке баулу, әр баланың көпөнермен, сурет салумен, басқа да түрлі шаруашылықпен айналысуына жағдай жасау секілді тірліктер – өз алдына бір төбе.

Өз ісінің маманы Әсемкүл Ергалиева ұзақ жыл бойы тынымсыз еңбегі үшін түрлі Алғыс хаттармен марапатталған. Өзінің өмірлік тәжірибесін кейінгі жастарға үйретуден де жалыққан емес. Әлеуметтік саланың қиындықтары мен қуанышты сәттерін әріптестерімен бірге және өзі күтімге алған балалармен қосыла көріп жүр. Қоғам алдындағы міндеттерін атқарғанына шүкіршілік етеді. Өйткені, жарымжан жандардың көңілін табу – өте қиын шаруа. Оларға жан жылуын аямай, өз баласындай көріп, ерекше ынта-ықылас таныту керек. Осы қағиданы берік ұстаған Әсемкүл Ергалиева өз ісіне сергек қарап, қарамағындағы жандарға жүрек жылуын аямай, жанашыр бола береді.

Мейрамбек ШІДІДБАЙҰЛЫ.
Сырдария ауданы

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Әлеуметтік жобалар жәрмеңкесі

Аймақта әлеуметтік жобаларға қолдау көрсетілуде. Үкіметтік емес ұйымдардың маңызды жобаларына жергілікті бюджеттен бөлінетін қаржы соңғы 4 жылда 3 есеге артқан. Облыстық ішкі саясат басқармасының бастамасымен «Достық үйінде» осы бағыттағы жобалардың жәрмеңкесінде комиссия назарына 30 жоба ұсынылды.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы»

– Жәрмеңкеге ұсынылған жобалар мемлекеттік бағдарламаларда айтылған негізгі басымдықтарды іске асыруға, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды насихаттау, ішкі туризмді дамыту, отбасылық-демографиялық саясатты жүзеге асыру, жастарды, ауылдық ҰЕҰ-ны, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдауға, волонтерлікті дамытуға бағытталған. Биылғы жобалар жәрмеңкесіне 201 миллион 159 мың теңгенің 30 жобасы ұсынылған, – делі облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет.

Қарлығаш Илиясова көптен бері көпөнермен айналысып келеді. Атадан балаға мирас боп қалған төл өнерді жаңғыртуда ауқымды шаруалар атқарған ол бүгінде өз алдына орталық

ашқан. Әлеуметтік жобалар жәрмеңкесіне «Атакәсіп – асыл тұлға» жобасымен келді. Ұмыт болып бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды өскелең ұрпақтың санасында жаңғыртып, кейінгі толқынды ісмерлікке баулу мақсат етіп отыр.

– Облыс бойынша кол-өнердің үлесін сол қалпында ұсынып келе жатқан бар-жоғы 8 адам бар. Олардың жасы 70-80 шамасында. Зергерлікке келсек, мен білетін 3-ақ адам бар. Олардың ең жасы 40-50 шамасында. «Өнерді үйрен де жүр» деген. Осы дағдыны меңгеріп, кейінгі жастарды ұлттық өнерге баулуымыз керек. Кілем тоқудан Кеңес дәуірінде алда болған өңірміз, қазір бұл өнер де кенжелеп қалған. Қойдың жүні ауылдардың сыртын-



Суретке түсіріп: Нұрболат НУРЖАУБАЙ

да төбе-төбе болып өртеніп жатыр. Оны қолға алып, шикізат ретінде пайдалануымыз керек. Наурыз мерекесінде тәуір киіз үй таппай қынжылатынымыз тағы бар. Бұл – үлкен мәселе. Мен осы олқылықтарды қалыңқа келтіргім келеді, – дейді ол.

Жобалар жәрмеңкесінде бұдан басқа «Сыр елінің дара есімдері», «Қоғамдағы отбасы мәртебесін арттыру», «Тарихты білу – ұрпаққа парыз», «Экспонаттарды насихаттау» тәрізді жобалар тыңдалды. Айта кетейік, өңірде 996

үкіметтік емес ұйым тіркелген. Оның 454-і ғана өңірдің рухани-мәдени, қоғамдық өміріне араласып жүр. Ал жобалар жәрмеңкесінің мақсаты – үкіметтік емес ұйымдардың қоғамға, елдің дамуына септігін тигізетін идеяларын жүзеге асыру.

Үздік ауыл әкімі марапатталды

Сырдария ауданы, Нағи Илиясов ауылдық округінің әкімі Сағдат Нұрмағанбетов ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының алғыс хатымен марапатталды. Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ауыл әкімі С.Нұрмағанбетов Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Үздік ауыл әкімі» республикалық конкурсына облыс атынан қатысқан еді.

Елімізде алғаш рет өткізілген конкурстың мақсаты – елдің ауылдық елді



мекендеріндегі жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, жергілікті бастамаларды, оның ішінде қоғамдық өзін-өзі басқару ұйымдарын ынталандыру, жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізген, ауылдық елді мекендерді дамытуға елеулі үлес қосатын үздік ауыл әкімдерін анықтау және көтермелеу болды.

Агенттік төрағасының алғыс хатын табыстаған департаменттің жана басысы Рафхат Бисенов ауыл әкімінің жұмысына сәттілік тілеп, қызмет бары-

сында тұрғындармен кәрі байланысты күшейту бағытындағы жұмыстарға ерекше мән беру керектігін жеткізді. Айта кету керек, байқауға аймағымыздың 17 кент және ауылдық округ әкімдері қатысуға ниет білдіріп, құжат тапсырды. Құжаттары талаптарға сәйкес келген 7 әкім жұмысының тиімділігіне халықтың қанағаттануын өлшеу үшін облыс әкімдігінің ресми сайтында онлайн сауалнама жүргізілген болатын.

«СБ» ақпарат

Тегін дәрі кімге беріледі?

Жасыратыны жоқ, елімізде, оның ішінде өңірімізде де тегін дәрі-дәрмек алуға мұқтаж жандар жетерлік. Әйтсе де, сол тегін дәрі-дәрмек кімге және қалай беріледі? Алдымен осының аражігін ашып алсақ.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар, медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуге, оның ішінде белгілі бір аурулары бар азаматтардың жеке-леген санаттарына амбулаториялық деңгейде тегін және жеңілдікпен берілетін дәрілік заттардың тізбесі бекітілген. Ол үш бөліктен тұрады. Біріншісі, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар. Екіншісі, ересектерге арналған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберіндегі дәрілік заттар. Үшіншісі, 18 жасқа дейінгі балаларға арналған амбулаториялық деңгейде МӘМС шеңберіндегі дәрілік заттар мен бұйымдар.

Мәселен, Қазақстан Республикасының азаматы қандай да бір ауруға шалдыққан жағдайда, бірден өзі тіркелген емханаға қаралады. Тиісті анализдер тапсырып, диагноз расталған соң, диспансерлік есепке тұрады. Сонан кейін емдеуші дәрігер науқасқа дәрілік рецепт жазып береді. Алайда, науқасқа, жоғарыда аталғандай, Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен «Тегін



медициналық қызметтің кепілдендірілген көлемі» шеңберінде арнайы тізімдегі дәрі-дәрмектер ғана тегін беріледі. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ облыстық филиалының мәліметінше, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар 35 ауру түрі бойынша барлық диспансерлік есепте тұратын науқастарға (279 дәрілік зат және 8 атаулы медициналық бұйым) тегін беріледі. Оларға қан айналым жүйесінің, тыныс алу, ас қорыту, қан, қан ұю ағзаларының аурулары және иммундық

механизмді тартатын жекелеген бұзылулар, эндокриндік жүйе аурулары, психикалық бұзылулар, нерв жүйесі, онкологиялық, тағы басқа бірқатар аурулар жатады.

Ал МӘМС жүйесінде барлығы 105 ауру түрі бойынша

Ал қаладағы №1 емхана 40 мыңнан астам тұрғынға медициналық көмек көрсетеді. Мұнда 9 мыңға жуық адам диспансерлік есепте тұрады.

Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 666 бұйрығына сәйкес, 135 ауру түріне тегін дәрі-дәрмектер қарастырылған. Мысалы, қант диабеті, жүрек-қан тамыр аурулары, артериялық гипертензия диагноздарымен есепте тұратын науқастар дәрігердің нұсқауы бойынша ай сайын дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіліп отырады.

Биыл шілде айының аяғында COVID-19 пандемиясына байланысты қосымша тегін дәрі-дәрмектер қарастырылып тізімге қосылды, – дейді емхана бас дәрігері Рахима Аяғанқызы.

Қазіргідей дәрі бағасы шарықтаған уақытта емханалар тарапынан берілетін тегін дәрілер талай жаңға әжептәуір көмек. Мәселен, №3 емхананың қызмет алушысы, қала тұрғыны Қарлығаш Жолболсынова – созылмалы ауруына байланысты тегін дәріні тұрақты түрде алып келетіндердің бірі. – Емханадан тегін дәрілер алып отырамын. Бұл – мемлекеттің жеңілдігі. Сол үшін алғысымды жеткізім келеді, – дейді ол.

сеکیلді аурулар бойынша тегін дәрілер беріледі. Сонымен бірге МӘМС арқылы да ересектер мен балалардағы жоғарғы тыныс жолының қабынуы, пневмония, анемия секілді бірқатар ауруларға тегін дәрілер қарастырылған, – дейді ол.

Ал қаладағы №1 емхана 40 мыңнан астам тұрғынға медициналық көмек көрсетеді. Мұнда 9 мыңға жуық адам диспансерлік есепте тұрады. Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 666 бұйрығына сәйкес, 135 ауру түріне тегін дәрі-дәрмектер қарастырылған. Мысалы, қант диабеті, жүрек-қан тамыр аурулары, артериялық гипертензия диагноздарымен есепте тұратын науқастар дәрігердің нұсқауы бойынша ай сайын дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіліп отырады.

Биыл шілде айының аяғында COVID-19 пандемиясына байланысты қосымша тегін дәрі-дәрмектер қарастырылып тізімге қосылды, – дейді емхана бас дәрігері Рахима Аяғанқызы.

Қазіргідей дәрі бағасы шарықтаған уақытта емханалар тарапынан берілетін тегін дәрілер талай жаңға әжептәуір көмек. Мәселен, №3 емхананың қызмет алушысы, қала тұрғыны Қарлығаш Жолболсынова – созылмалы ауруына байланысты тегін дәріні тұрақты түрде алып келетіндердің бірі. – Емханадан тегін дәрілер алып отырамын. Бұл – мемлекеттің жеңілдігі. Сол үшін алғысымды жеткізім келеді, – дейді ол.



Той өткізу тыйылмай тұр

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Шамшидин Әмітов салада атқарылған жұмыстар мен карантин талаптарының бұзылуы туралы айтты.

Өткен 9 айда қылмыстық құқық бұзушылық 36 процентке (4549-дан 2848-ге) төмендеген. Сонымен қатар, қоғамдық орындарда (-40,1%), көшелерде (-30,7%), топшен (-36%), жасы кемелетке толмағандар (-35,8%), мас күйінде (-17,5%) жасалған қылмыстар азайған.

– 7 қыркүйектен бастап 1 желтоқсанға дейін облыс көлемінде «Учаске» жедел профилактикалық іс-шарасы өтуде. Бұл шараның мақсаты – әкімшілік аймақта қылмыс пен құқық бұзушылықты болдырмау, учаскелік полиция инспекторларының және жалпы ішкі істер органдарының имиджі мен беделін көтеру, халықтың сенімін арттыру. Шара барысында 75 мыңнан астам пәтер мен жеке меншік үй тексерілді. Тексеру барысында қала орталығында 54 пәтер заңсыз жалға ұсынылып жатқандығы анықталып, құжаттар тиісті органға жолданды. Ішкі істер органдарының есебінде тұрған 4 мыңнан аса адамның мекен-жайлары тексеріліп, профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Іс-шара барысында заңсыз айналымнан 37 қару тәркіленді. Сонымен қатар, 7 мыңнан астам

әкімшілік құқық бұзушылық дерегі анықталып, тиісті шешім қабылданды, – делі ол. Қызылорда қалалық полиция басқармасы қоғамдық және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 15-31 қазан аралығында «Қауіпсіз қала» шарасын өткізуде. Онда полиция басқармасының қызметкерлері, қалалық әкімдік, прокуратура, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы, «Жас Отан» өкілдері және еріктілермен бірлескен рейдтің 2 күнінде 53 құқық бұзушылық анықталған. Осы орайда Ш.Әмітов көмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта қараусыз жүру деректерінің тыйымдай отырғанын айтты.

– Түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде жүрген 2 мыңнан астам бала анықталып, олардың ата-аналарына әкімшілік шаралар көрілді, – делі ол.

Ал жыл басынан бері мас күйде көлік айдаған 846 жүргізуші ұсталып, әкімшілік қамауға алынып, 711-і көлік құралын жүргізу құқығынан айырылған. Орын алған 221 жол-көлік оқиғасының 18-і

мас жүргізушінің кінәсінен болып, нәтижесінде 7 адам қайтыс болса, 23 адам жарақат алған.

Бүгінде өзекті мәселелердің бірі карантин тәртібін бұзу болып отыр. Полиция полковнигінің айтуынша, той жасап, ас беріп, туған күн тойлайтындар әлі де тыйылар емес.

– «Той – халық қазынасы» дегенмен, заң талаптары ортақ. Бүгінгі күні 24 мобильді мониторинг топ жұмыс жасауда. Олардың құрамында полиция қызметкерлері, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы мамандары, БАҚ өкілдері, волонтерлер, қоғамдық көмекшілер бар. Облыс көлемінде карантин талаптарын бұзудың 679 дерегі анықталды. Оның 334-ін мониторингтік мобильді топтар бірлесіп анықтаса, өз күшімізбен 225 дерек нақтыланып, жинақталған құжаттар тиісті органдарға жолданды. Қазіргі кезде карантин талаптарын бұзып, той жасаудың 145 дерегі тіркелді, – делі Ш.Әмітов.

Өткен демалыс күндердің өзінде 97 заң бұзушылық анықталса, оның 81-і той өткізу дерегі. Карантин талаптарын бұзу Аралда – 41, Қазалыда – 34, Қармақшыда – 16, Жаалағашта – 26, Сырдарияда – 17, Шиеліде – 20, Жанақорғанда – 14, Қызылордада – 143, Байқоңырда 23 дерегі анықталған.

«СБ» ақпарат

● СЫР-СУХБАТ

Нұрлыбек Жолдасбаев:

«ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ АУЫЛҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ ӨЗГЕРУІ ҚАЖЕТ»



Ж.А.: – Нұрлыбек Қалжатайұлы, алдымен әңгімемді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырда ғана қозғаған өзекті мәселесінен бастағым келеді. Президент санаулы күндер бұрын реформалар жөніндегі жоғары кеңестің бірінші отырысын өткізіп, бүгінгі таңда биліктегі азаматтардан тың тәсілдер мен тиімді шешімдер күтетінін, мұндай сәтте жоғары кеңестің маңызды роль атқаратынын атап көрсеткен болатын. Ойыңызды біршама жүйеге түсіру үшін мына мәселені есіңізге сала кеткім келеді. Сол жолы Президент берілетін бастапқы мәліметтердің қатарында, әсіресе ведомстволық статистикада түйткілді мәселелер барын айтты. Соңғы уақытта Мемлекет басшысы статистика төңірегінде жиі әңгіме қозғайтын болды. Қалай ойлайсыз, экономикада цифрлардың атқаратын маңызы ерекше екенін ескерсек, Президент көп нәрсеге көңілі толмайтынның сездірген сынайлы. Ол кісі нені меізен отыр? Әңгімемізді алдымен Сырдың басты дақылы – күршінің жай-күйінен бастасак деймін...

Н.Ж.: – Бұл – өзі үлкен, жан-жақты қырынан қозғауға тура келетін мәселе. Дұрыс айтасыз, өздеріңізге мәлім, Президент халыққа арнаған Жолдауында стратегиялық жоспарлау жөніндегі кеңес құру туралы мәселе көтерген болатын. Сол Жолдауда статистикаға мән бере отырып, саланың өзіне тікелей бағынышты болатыны туралы айтқаны есіңізде шығар деп ойлаймын.

Біз дамуың жаңа кезеңіне кадам бастық. Әлем өзгеріп жатыр. Ендігі жерде әрбір жасаған қадамымызға байыппен қарау маңызды шарт болып табылады.

Сауалыңыздың соңғы бөлігінде күрші төңірегінде айттыңыз. Рас, күрші – өңірдің басты дақылы. Тіпті елдің күнкөрісі, таяу болашақтың тағдыры ауылдағы осы дақылдың әкелетін табысына байланысты болады. «Мәдениет» кеңшарында директор болып жүргенімде қоғамдық формацияның өзгеруіне орай ауылдағы жекешелендірудің алғаш-

Нұрлыбек Қалжатайұлы Жолдасбаев – Сыр аймағына белгілі есім. Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясының Сыр өңірінен шыққан санаулы түлектерінің бірі. Жастайынан ел басқарып, ат үстінде жүрді. Бастапқы еңбек жолын айтпағанда туған ауылы «Мәдениет» кеңшарының директоры, аудан әкімінің орынбасары, Жалағаш, Жаңақорған аудандарының әкімі, облыс әкімінің орынбасары, облыстық бірнеше басқарма басшысы мен департамент тізгінін ұстаған айтулы азамат. Қазір зейнеткер.

Белгілі тұлғамен арадағы бүгінгі сыр – сұхбатымызда мемлекеттің ауыл шаруашылығына қатысты саясатының өзекті мәселелері арқау болады.

қы кезеңінің талаптарын жүзеге асырған басшының бірімін. Ауылдағы суармалы, жайылымдық және инженерлік жүйеге келтірілген жерлерді тұрғындарға үлесіне қарай бөліп бердім. Кейін не болды дейсіз ғой? Айтуға, ой қорытуға кейде санаң жете бермейді. Қызмет бабымен ұзақ жыл сыртта болдым. Зейнетке шыққан соң елге бардым. Жердің бастапқы иесі кім екенін анықтау мүмкін емес, барлығының берекесі кеткен. Жер қолдан қолға өткен. Ақыр соңында инвесторларға сенімді басқаруға берілген. Жердің кейінгі иелері банктерден несие алу үшін оны кепілдікке қойған, қысқасы, саяси тілмен айтқанда жаппай аңсария!

Жуырда Сырдария ауданындағы Тоқтағамбетов атындағы ауылда не болғанынан хабардарсыз деп ойлаймын. Жердің шынайы иесі кім? Міне, бұл бүгінгі таңда ел үшін маңызды сауал. Инвестор ауылға қандай игілікті шара істеді? Келісім шартта не көрсетілген? Жер бастапқы иелерінен кейінгі қожайындарға қалай өткен? Шын мәніне келгенде осының барлығы сот арқылы шешіледі. Айталық, бастапқы жер иелері бүгінде өмірден озған делік. Оның балалары немесе заңды мұрагерлері сол жерге иелік етуі тиіс. Осылардың барлығы бізге тек сот арқылы ғана шешіледі.

Өкінішке орай, елде бүгінге дейін осының барлығы заң жүзінде реттелмеген. Мемлекеттің өзіндік талабы бар. Егер жер иелері оны өз мақсатына пайдаланбаса, белгілі мерзім өткен соң, мемлекет өз меншігіне алып немесе басқа тұлғаларға беруі тиіс. Өңгіме талап бойынша егіншілік мәдениетін сақтау, басқаша айтқанда, ауыспа-

лы егіс тәртібінің орындалуы туралы болып отыр. Оның заңдылығын тексеретін, шешім шығаратын тиісті инспекциялар бар.

Президент тұжырымдамасында айтқандай, көп түйткілдің түйінін тарқататын мезгіл әлдеқашан пісіп жетілді. Біз қазір нарық заңымен жұмыс жүргізуге дағдылануымыз керек. Ауылдағы әртараптандыру міндеті қойылған екен, ол орындалуы қажет. Жалған мәліметтерді қағаз ғана көтереді. Біз тіпті көтеріңкі цифрлар қуалап, күршінің өр гектарынан жаппай 60 центнерден өнім алдық дегенге дейін барып жүрміз. Елде осыншама өнім алатын жекелеген звено жетекшілері бар. Бірақ олар некен-саяқ. Негізіннен күршінен алынатын өнім 40 центнерден көп аспайды. Жұмысты тиімді ұйымдастырса, осының өзі жеткілікті. Қазір мемлекет күршіке қатысты субсидия беру көзқарасын өзгерте бастады. Көктем жауып жатқан қаржы жоқ, бюджет тапшы, бізге осыны түсінген абзал. Осы орайда, айта кетейін, әкімдердің рейтингін белгілеу кезінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығына қарай бағалау критерийлері бар. Осыдан түпкілікті арылуымыз керек. Міне, статистика сонда ғана жөнге түседі. Бұл дегеніміз байыпты стратегиялық жоспарлаудың алғышарты болып табылады. Президенттің бастамасымен аталған мәселеде онды жағына қарай қозғарса қалыптасып жатыр. Бұған тек қуануымыз керек.

Ж.А.: – Ойды ой қозғайды. Кешегі Кеңес Одағының соңғы жылдарын көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Дәл есімде жоқ, шамасы, 1989 жыл болуы керек, Кеңес Премьері Николай

Рыжков халық депутаттары алдында баяндама жасап, экономикадағы берекесіздіктің жай-күйін жайып салды. Баяндамада ауыл шаруашылығы өнімдері өңделмей, қоймаларда іріп-шіріп жатқанын, қағазда көтеріңкі цифрлардың өріп жүргенін қыжжыла айтқан еді. Сонда қалай? Нарықты игере алмай, сол сұрлеуге қайта түскеніміз бе?

Н.Ж.: – Міне, көрдіңіз бе, біздің сырқатымыздың түп-тамыры қайда жатқаны? Бірақ ол келмекке кетті. Жоспарлы экономика өтірікті көтере алмады. Ақыры қожырап, тігісі сөгіліп, құлап тынды. Біз қазір нарық жағдайындамыз. Ел ағаларынан бастап, қатардағы шаруа осыны мықтап жадынан шығармауы керек деп ойлаймын. Нарық экономикасының 300 жылдық тарихы бар. «Көш жүре түзеледі» деген емес пе, бүгінгі жасқы қадамдар онды нәтижеге жеткізетініне сенімдімін.

Ж.А.: – Жаңа ауыл инвесторларының жауапкершілігі туралы әңгіме қозғадыңыз. Бізде барлығы соншалықты эгоист емес шығар деп ойлаймын. Елді көркейткіп, берекесін асырып отырған азаматтар да аз емес...

Н.Ж.: – Сізбен келесімен. Жалағаштағы «Байтабын», «Тан» шаруашылықтарының төрағалары – елдің игілігін арттырып жатқан азаматтар. Елімізге белгілі еңбек ері Абзал Ералиевті алыңыз. Мадақтау да, мақтау да оларға орынды берілген. Барлығы бірдей емес, әрине. Көктемде төрағаларға қарызға ақша беріп, күзде өнімдерін сыпырып алып кететіндер аз емес. Тіпті қатардағы шаруа олардың «есептерінен» мүлдем бейхабар. Елдің

руханасының хирург-дәрігері Сәдуақас Ахмет конкурстың облыстық кезеңінде «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациясына лайық деп танылды. Ақ халатты абзал жан медицина саласында 1993 жылдан бері жемісті еңбек етіп жүр. Бүгінгі күнге дейін 5 мыңнан астам хирургиялық ота жасап, қаншама адамның өміріне араша түсті. Денсаулық сақтау министрлігінің бір-ныңай ұлттық жүйені енгізу бағдарламасымен жұмыс жасауға көңіл бөліп, бұл бағытта мол тәжірибе жинақтады. 2010 жылдан бері аталған ауруханада бөлімше меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

Білікті дәрігер халықаралық хирургиялық конференцияларға тұрақты түрде қатысады. Үнемі білімін жетілдіріп отырады. Қазірге дейін жасаған хирургиялық отасының барлығында ешқандай асқыну жағдайы тіркелген жоқ. Өзінің білімі мен біліктілігінің арқасында жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгеріне айналды.

Сырдария ауданында ұстаздық қызмет атқарып жүрген Жансаа Залова облыстық кезеңде «Өндірістің үздік жас маманы» болды. Ол қазір аудан орталығындағы №210 О.Әбілпаттаев атындағы орта мектебінде информатика пәнінен тәлім береді. Жас та болса өзінің еңбекқорлық қасиетінің арқасында көптеген марапатқа ие болды.

Еңбек қашанда бақытқа жеткізеді. Ел тәуелсіздігінің тұғырлы болуы ұрпақтың жігерлі жұмыс жасап, Отанды шексіз сүйе білуіне тікелей байланысты. Шын жүрегімен, жан-тәнімен беріле жұмыс істеген адам туған жердің тәуеліне зор үлесін қосады.

● КОНКУРС

БАҚЫТҚА ЖЕТКІЗЕТІН ЖОЛ

Халқымызда «Еңбек еткеннің еңесі биік» деген тәміс бар. Өмір өрімінде өзінің маңдай терімен абырой биігіне көтерілген азаматтарды көргенде осы лебіз ойыңа оралады. Еңселі еліміздің уығын тіктеп, келешекке қаршыты қадам жасауына осындай еңбекқор жандардың тигізген пайдасы ұшан-теңіз. Елімізде қарапайым еңбек адамдарын дәріптеу мақсатында қолға алған игі істердің бірі – «Еңбек жолы» конкурсы.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Соңғы жылдары аталған конкурс тұрақты түрде өткізіліп келеді. Быыл да сол жарасымды үрдіс жалғасын тапты. Жақында республикалық деңгейде өтетін маңызды шараның облыстық кезеңінде еселі еңбек арқылы абыройға бөленген ардақты азаматтар үш номинация бойынша марапатқа лайық деп танылды.

– Конкурс өңірдегі үздік еңбек әулеттері мен өндіріс жұмыскерлерін анықтауға мүмкіндік береді. Конкурс «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамы» ұраны бойынша өткізіліп келеді. Ол еңбек адамның қоғамдағы беделін арттыруға және өнімді еңбекті ынталандыруға ықпал етеді деген ойдамыз. Конкурс 3 номинациядан тұрады. Сол арқылы үздік еңбек әулеті, өндірістің үздік жас маманы және жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері анықталды. Бұл азаматтар республикалық кезеңге жолдама алды, – деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Нұржан Өмірзақов.

Быыл «Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша қармақшылық Балшыновтар әулеті құрмет төрінен көрінді. Ел ішінде зор қошеметке бөленген Құдайбергенов Балшынов ұзақ жылдан бері өңірдің

мәдениет саласының дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Аудандағы Т.Көмекбаев ауылдық клубын басқаратын ол – аймақтың руханият әлеміне өз қолтаңбасын қалдырған азамат. Бүгінде 54 жасқа толған ел ағасы Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогикалық институтының әуез және мәдени ағарту саласы бойынша тәмамдаған. 1994 жылдан бастап ауылдық әуез мектебінде алдымен баянист, одан кейін директор қызметін атқарды. Ал 1997 жылы ауылдық клубқа қызмет ауыстырған ол 2014 жылдан бері аталған мекемеге жетекшілік жасап келеді. Өзінің еңбек жолында көптеген марапатқа ие болды.

Өрелі өнер иесі бала жасынан ұлттық құндылықпен сусындап өсті. Өкесі – Жылқыбай ел арасында түрлі дастандар мен жыр-термелерді нақышына келтіре орындайтын ерекше қасиетімен жасы та нымал. Оған қоса ағаштан түрлі бұйымдарды жасайтын ұсталығы бар. Анасы – Қанымкүл он саусағынан өнер тамған қолөнер шебері, алаша, түскіңіз, кілем, киіз, тоқыма бұйымдары халық арасында зор сұранысқа ие. Құдай қосқан қосағы – Нұржамал Байжанова да ауылдық клубта ұзақ жылдан бері түрлі қызметтерді атқарып келеді.

Қазалы теміржол ау-

● КӘСІП ПЕН НӘСІП

Жуырда Жанқожа батыр ауылына жол түсті. «Тірек ауыл» санатын иеленген елді мекеннің қазіргі көрінісіне көңіл толады. Ауыз толтырып айтарлықтай жағымды жаңалықтар аз емес. Осы жылдың өзінде Мәдениет үйі мен бірнеше көшеге жөндеу жасалды. Оған қоса, талай жылдан бері ауыл тұрғындары зарыға тосқан ауызсу құбырын сервистік желіге қосу жұмыстары басталады деп күтілуде.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

ЕҢБЕКТЕ БАҚ БАР

Десе де, адамның арманы тау-сылған ба?! Санамның бір түкпірінде «Ауылдың ахуалы бөтен емес. Көп жерде кездесе бермейтін спорт кешені, өзге де нысандар салынып, көшелер асфальтталды, түнгі жарықпен қамтылды. Көп кешікпей ауысу құбыры үйлерге кіргізіледі. Енді газ құбыры тартылса, шіркін! Ондай жағдайда ауылдың келбеті аудан орталығынан кем болмасы анық» деген ой жылт ете қалды. Газ келсе несі бар?! Бұйырса, ондай күнге де жетерміз.

Ашты көлдің қырқасына көтерілгенде тосын әрі қызықты көрініске тап келдік. Ауылдың толқуына іспетті ежелгі көл көкжиекті көмкеріп, ернеуінен асып, шалқып жатыр. Толқыны жағалауды ұрып, тосінде түрлі құстар жүзген айдынга қатты сүйсіндік. Ал іргедегі биік төбенің басында шағыл құмға бауырын төсеп, қаз-қатар жатқан түйелердің қалың келесін байқағанда таңданысымыз арта түсті. Керемет көрініс! Манайға асқақ кейіпте көз тастаған, қос өркеші баладай, шетінен күйлі Ойсылқара тұқымы тым айбынды-ақ. Ақиқатына көшсек, бұған дейін баба атындағы ауылда мұншама түйені көп кездестіре бермеуші едік. Ша-

дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» екінші бағыты бойынша Алтынай Атымбаева қайтарымсыз грант алып сыыр өсіруде. «Микробизнес-Қызылорда» өңірлік бағдарламасы арқылы Нұрғұл Маханова 2 млн теңге несеге 4 түйе, 1 бота алып түйе шаруашылығымен айналысуда. 2018 жылы Гүлбану Әлиева жылқы өсіру бағытында «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» арқылы 2,5 млн теңге несиеге жылқы алған. Бір сөзбен айтқанда, мұның бәрі ауыл кәсібінің алға басуына дәнекер болып отыр.

Ал есімдері аталған Алтынай, Нұрғұл, Гүлбану бір үйдің келіндері екенін білесіз бе? Абысын тату болса, аз көп деген осы. Мінажадін ағамыз бен Гүлжахан анамыздың шаңырағындағы келіндер осылай ауылдың шаруасын дөңгелетуге себепкер болуда. Мінажадін ағамыз мал шаруашылығының білікті маман, округ әкімдігінде ұзақ уақыт бас маман қызметін атқарған. Қысқасы, осындай берекелі бастаманы ұйыстырып, еңбектен еңбек жолын сабақтап отырған үлкен отбасының өнегесі өзгелерге де ой салса керек. Айтпағымыз осы еді.

Қазалы ауданы



● «НҮРЛЫ ЖЕР»

Жалағаш ауданында 2020-2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасының аясында Жалағаш кенті, Дәуімбай учаскесінде 10 несемелі тұрғын үй салында. Жалпы жоба құны 115,4 млн теңгені құрайды.

Ғазиза ӘБІЛЛА,
«Сыр бойы»

КӘСІПКЕРЛЕР ҚАМҚОРЛЫҒЫ



Құрылысты салуға облыстық бюджеттен 91 млн теңге, жергілікті бюджеттен 3,6 млн теңге бөлініп, мамыр айында жұмыс басталды. Бұл үйлер жер учаскесін алу кезегінде тұрғандарға «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ арқылы 14-15 жылға несиеге беріледі. Бүгінгі таңда тұрғын үйдің болжамды бағасы 7,8 млн теңге болып отыр. Нақтырақ айтсақ, 1 шаршы метрі 120 мың теңге, яғни, үйді сатып алушыдан банк алғашқы жарнасын (болжам бойынша 1,6 млн теңге) талап етеді. Осы салынған үйлердің бірі Ақсу ауылының тұрғыны, бірінші топ мүгедегі Орынбек Шаймағанбетовке табысталды.

Аудан әкімі Асылбек Шаменов:

– Орынбек Шаймағанбетовтың қиын тағдырынан сырттай хабарлар едім. Бір күні өзі қабылдауыма келіп, көмек сұрады. Мен оған осы тұрғын үйлердің салынып жатқанын айттым. Ол да қызығушылық танытты. Дегенмен, қаржылай мүмкіндігі жоқ еді. Осы орайда аудан кәсіпкерлері қолдау көрсетіп, жаңа үйді сатып алып берді, – деді.

Тағдырдың ауыр сынына ұшыраған Орынбек быыл 44 жаста. Жұбайы да жол апатына түсіп, жарымжан болып қалды. Қызы мен ұлы – студент. Бір кездері олар қолөнермен айналысып, кәсіпке бет бұрған еді. Ал қазір жұмыссыз.

Қуаныштан көзіне жас алған Орынбек ауданның атымтай жомарт азаматтарына алғысын айтты.

Бүгінде 70 жасқа толғалы отырған Ш.Айтматов атындағы Халықаралық қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Зинол-Ғабден Қабиұлы Бисенғали ұзақ жылдар бойы қазақ әдебиеттану ғылымында талмай қызмет етіп келеді.

«Ой салатын туынды қалтарыста қалмайды»

Ол XX ғасыр басындағы қазақ прозасының өзекті мәселелерін, оның ішінде роман жанрын зерттеуге елу жылдан астам уақытын арнады. Қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Қазақ прозасының шығу төркіні, даму жолдары жайлы: «XX ғасыр басындағы қазақ прозасы» (1989), «XX ғасыр басындағы қазақ романы», (1997), «Казакский роман начала XX века» (2003), «Казак романы» (2003), «1940-60 жылдардағы қазақ әдебиеті» (2006), «Қазақ прозасы: XX ғасыр басы: Жаңа роман жолында. Зерттеу» (2010) монографиялары мен оқу куралдарын жазды.

Қазақ романы өз тарихында түрлі саяси-әлеуметтік, ресми идеология тарапынан қаншама кедергілерге тап болса да, адамзат баласы танданып, танырқап оқитындай, мәңгі өлмейтін туындыларды дүниеге әкелгені белгілі. З.Ғ.Бисенғали Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С.Торайыровтың «Кім жазықты?», «Қапар сұлу», С.Көбеевтің «Қалың мал» туындыларында халық прозасы үлгілерінің әсері басымдығын, ал халықтық дастандар фабуласын романық сюжеттерге көшіру тәжірибесін С.Мұқановтың «Сұлушаш» романынан таңуға болатындығын зерттеушілер арасында кәсіби маман ретінде алғашқы ғылыми тұжырым жасаған әдебиеттанушы-ғалым.

Зерттеуші Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С.Мұқановтың «Сұлушаш», Ж.Аймауытулының «Ақбілек», «Қартқожа» романдарында ертегілер мен фольклорлық мотивтерді, мистиканы адам өміріндегі бейсаналық жұмбақтау құбылыстарының сырын ашуға, кейіпкер психологиясын бейнелеуге шеберлікпен қолдана білгендіктерін жүйелеуде білімділік пен біліктілік танытты.

Алаш ардақтылары М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Сейфуллиннің «Тар жол, тайғак кешу», Ж.Аймауытулының «Ақбілек», «Қартқожа», Ш.Құдайбердіұлының «Әліл мен Мария», М.Әуезовтің «Қылы заман» романдарындағы қоғамдық сана мен жанр дамуының стильдік ерекшеліктеріне жана ша кездас турғысынан теориялық талдаулар жасады. Қазақ романдарының түп-тамырын қазбалай зерттеген профессор Зинол-Ғабден Бисенғали: «Қазақ романдарының көлемі шағын, көркемдігі нашар, сондықтан олар роман жанры талабына жауап бере алмайды. Қазақтар роман болған жоқ, роман қазақ әдебиетіне кеңес үкіметінен кейін келді» деген қасаң, біржақты айтыла салған пікірлердің тасталқанын шығарып, ғылыми негізде дәлелден берді. Мысалы, М.Дулатов пен Т.Жомартбаев, С.Көбеев пен С.Торайыров шығармалары Ф.Достоевский мен Л.Толстойдың шығармаларына, романдарына неге ұқсасайтындығына талдау жасай отырып, роман жазудың теориялық негіздерін менгерудің романшыға қаншалықты қажеттілігін танытты. Кешегі күнге дейін оқулықтар мен әдебиет тарихына енген романдардың идеологияның ықпалынан шыға алмай, коммунистік методология бағытында сөз болғандығы шындық. Бұл тұрғыдан келгенде оқулықтардағы шығармаларды сұрыптауға да ғалым көп еңбек сіңірді.

Роман жанрына қатысты даулы мәселелерді қарастырып: «Роман жазуды кісіп етпек түгіл, шығармашылықтың өзімен тиіп-қашып айналысқан жандардан аса күрделі, жүйелі, көркем роман күту мүмкін бе? Роман жанрының қиындығы сонда, оны жазуға отырған қаламгердің өзі романдық ойлауға жетуі керек. Романдық жетік қалыптастыруы керек. Роман кейіпкерлерінің қақтығыстағы, дау-ламайдағы, рухани ішкі әлеміндегі, ойлауындағы тілдік ерекшелігін сақтай отырып, осы шындықты көркем мазмұнда сақталатындай үндестікке ұластыра бірлікке әкелу керек. Романның ұлы мақсаты – тағдырлар талайы мен тартысының тарихына жететін жеріне дейін жетелеп отыру» дегенде ғалымның басты сүйенер Темірқазығы роман теориясына қатысты байсалды

ой-тұжырымдар білдірген ұлттық әдебиеттану ғылымының басында тұрған Алаш ардақтылары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Әуезов қисындары болды. Ғалымның осы бағыттағы ғылыми-танымдық зерттеулері санамызда серпіліс туғызды, қазақ әдебиеттануына мазмұндық жаңалық әкелді.


XX ғасыр басындағы қазақ романдары туралы зерттеулерінде ғалым есте болуға тиісті үлкен мәселенің бірі өзге елдер романдарының үлгісіне қарап жалатқай берудің қажетсіздігін бағамдады. Әр ел мен ұлттың, адамның өзінше ойлап әрекет ететіні тәрізді, өнерде де өзінше көркем өрнектер болатындығын, қазақ халқының ойы мен сөзінің эстетикалық қуатын өзге тілде жеткізудің қиындығы қаншалықты шындық болса, оның қазақы табиғаты да соншалықты айқындығын, сондықтан да бір елдің өлшемдік бірліктері екінші ел үшін шартты ғана болатындығын ескертті. Сонымен бірге, XX ғасыр басындағы роман жанрына қалам тартқан барлық қазақ жазушыларының шығармаларынан қоғамдық, адами мәселелерді кең мәнінде қозғай алатын философия іздеу қиянат екенін дәлелден көрсетті. Романдықтарға қойылар талаптың ауыр екендігін зерделей келе: «Роман арқылы қаламгер оқырманна не жеткізеді, мәселе осында. Мұның түрі де көп, тәсілі де көп. Талантты қаламгердің әр романы – дәуір, заманаға қажетті, қасиетті дерек. Ұрпағына, сол арқылы адамзатқа қалдырған асыл мұра. Ол оқушысын тапқанша сақталуға тиіс. Адамзат тарихының жинаған мұраларын бір адамның түптегі білуі қаншалықты мүмкін болмаса да, талантты жазылған романның қашан да оқушысын табыр сөзсіз. Романның жарық көрген күннен бастап қоғамдық санаға қозғау салатыны, кезегін күтіп серелерде, жеке адамдар қолында, арнайы қамауда сақталатындығы болады. Дегенмен, адамзатқа, қоғамдық санаға ой салатын туынды қалтарыста қалмайды».

Адамдардан мейір, көл-көсір шапағат, терең парасат, биік адамгершілікті аңсап өткен әрі игі жақсылармен өткізген әр сәтін бір-бір жасқа балап, тарихта мың жасады деген атқа ие болған Лұқпан Хәкім былай депті: «Адамдарға жасаған жақсылығыңды ұмыт. Өмірдің өткініші екенін сезін».

Бір ғажайып Зинол-Ғабден Бисенғалиға кандидаттық диссертациясын қорғау барысында ресми оппонент ретінде алғаш пікірді, қасиетті батаны Сыр елінің ғұлама ғалымы Ә.Қоңыратбаев берген екен. Алғашқы оң көзқарас, ыстық ықылас, жылы пікірді біз туып-өскен елдің ғұламасынан алуы Сыр елінің жастарына Зейнол-Ғабден Қабиұлының бар мейірімін төккендей. Отбасылық өмірлері барынша жарасымға, сыйластыққа, мейірімділікке, бауырмалдыққа толы, қазақ жұртына үлгі боларлық Бисенғалиевтер шаңырағында талай бас қостық. Ғалымның зайыбы, белгілі тілші-ғалым, ф.д.д. Жамал Манкеева. Бір отбасындағы қос ғалымның ғылыми жетекшілігімен бүгінде Сыр елінде, жоғары оқу орындарында қызмет атқарып жүрген З.Алпамысова, Ә.Алмауытова, Ш.Елемесова, Г.Қамішова, А.Айтбаевалар тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері бойынша кандидаттық диссертацияларын қорғап, ғылым мен ағартушылық саласында табысты еңбек етіп жүр.

Бүгінгі мерейлі 70 жасында Сыр өңіріндегі ғалымдар қауымы атынан үлкен жүректі ұстаз – профессор Зинол-Ғабден Бисенғалиға ғылым көкжиегіндегі жұлдызыңыз жарқырай түссін, адамдық, ғалымдық болмысыңыз биіктей берсін демекпіз.

Бағдат КӘРІБӨЗҰЛЫ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
профессоры,
Айман АЙТБАЕВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
доценті



Атақты «Мен – қазақпын!» поэмасының авторы Жұбан Молдағалиевтің «Білем, білем бір қазақты» атты бір керемет өлеңі бар. Бұл өлеңнің кереметтігі авторы бір қазақты жырлау арқылы бүкіл ұлттың болмысын мақтан етеді. Осы өлең жолдарындағыдай, мен де «Білем, білем бір қазақты». Ол – бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері «Үш би» Құрмет белгісінің, «Сот жүйесінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің, «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» медалінің иегері, Атырау қаласы №2 сотының төрағасы Мирамбек Ибрагимұлы Нағашыбаев.

Мирамбек Ибрагимұлының есімін алғаш екі мыңыншы жылдардың басында студентімнің ата-анасынан естідім. Баласының тағдыры бүлініп кетпеуіне Орал қалалық сотының судьясы Нағашыбаевтың ықпалы мол болғандығын ағынан жарылған ата-ана ризашылықпен айтып берген болатын. Істі болған студенттің ата-анасының айтуына қарағанда баласы бірге оқитын курстас балаларына болысам деп шатылған. Ауылдан келіп оқып жатқан курстас достарына қокан-лоқы көрсетуші жат-жұрттықтарды мұның баласы «төртінке» шақырса керек. Өлгілер «қорыққан бірінші жұдырықтайды» дегеннің кетіп келтіріп ұлттық кемсітушілік көрсетті деп арыз түсірген. Сот барысында шағымданушылардың болсаулышылық әрекеттері анықталып екі жақ келісімге келіп, іс тынған. Өзіміз де, көрсе көз тойғандай, қайратты, ақылды көшбасшы студенттің ондай бейбастыққа бармасын білген едік. Осының бәрін сот барысында анықтанған судья Мирамбек Ибрагимұлы «арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей» бәрін салқындандырып шеше білген. Жас адамдардың тағдырына сызат түсірмей, жазалауға емес істің жайын табуға ұмтылған. Үміт еткен көзіңді нұры – баласының тағдыры оң шешімін тапқанда қуанған ата-ананың «атына заты сай екен судьяның әділдігін айтып көңілімізді мейрамға бөледі ғой, ғұмыры есімдегі ішпақты болсын» деген тілегі әлі есімде.

Бұл біз білетін істің бірі ғана. Кісілігі болмысынан анағарылып тұратын Мирамбек Ибрагимұлының өмір

мектебінен түйгені мол тұлға екендігін кейінгі ресми, бейресми кездесулерде талай байқалдық. Прометейдің мәңгілік сөнбейтін алауындай қызулы бүлініп кетпеуіне жастарымен кездесулерде Мирамбек Ибрагимұлы өз ісінің білгір маманы ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды жетік білетін әрі оны талдап тыңдарманын өзіндік үзбелермен иландыра алатын сарабдал сарапшы, тұшымды тұжырымдарды тауып айта білетін шешен екендігін талай танытты. Мұның барлығы – сөз жоқ, көргенді түйгеннен, өз ісінді сүйгеннен бойда жинақталатын рухани күш немесе Абайша айтқанда, «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» тәсілінің ақиқаттығы.

Сөзімізге арқау етіп отырған Абай данамыз «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті» дей келіп, «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі» санамалап көрсетеді. Ал осы қасиеттер адамға тек пен тәрбие арқылы беріледі дегенді де айтады түйгенін тәлімге айналдыратын халқымыз. Текті айтсақ, тереңдеп кетуіміз мүмкін. Тәрбиемен берілген білімнің адами болмысқа ықпалы зор екендігін де бабаларымыз айтты өтті. Оны өзіміз де өмірден көріп жүрміз. Тәрбиенің бастауы шаңырақтан, жақсы әке мен анадан. Ұрпағына ақ пен қара, тақ пен жұп, көк пен жер, жақсылық пен жамандық ара жігін ашып көрсете алатын, бойларына жұғысты қыла білетін – ата-ана. Мирамбектің балаң шыбықтан дұрыс бой түзеуіне бар күтімді жасаған асқар тау әкесі Ибрагим ақсақал мен аяулы анасы Ақкие шешеміз. Темір жолдың темірдей табиғи түрде үйлестіруімен де дараланады. Заңгер мамандығына



ғағында қызмет жасаған ата-ана отбасында да ыждағаттылықты, жауапкершілікті, төзімділікті, ауызбіршілікті, еңбекқорлықты өмірлік ұстанымға айналдырды. «Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілесін» мақалының шынайылығы, қалып айтпаймағандығы осыдан анағарыла керек.

Махамбет ақынның «Өтемістен туған он едік, Онымыз атқа қонғанда, Жер қайысқан қол едік» дейтін өлең жолдары бар. Сол сияқты Ибрагим ақсақалдан тараған тоғыз баласы бүгінгі таңда өскен-өнген үлкен әулет. Өскен-өнген дегенді санына қарап айтып отырғанымыз жоқ. Салиқалы істеріне қарап елдің беріп отырған бағасы. Алтын ұя ауылдарын абаттандыру, әсіресе ұрпақтан-ұрпаққа қалатын ағаш отырғызу, ділі мен ділін таңуға имандылық орнын ашу сынды көз көрген игі істерінің бірі-жарымын ғана атап отырмыз.

Бұл жөнінде Арал ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев «Сарқылмайтын сағыныш» кітабында «Нағашыбаевтар әулетінің мәртебесі аралқұмдықтарға ғана емес, сонымен бірге бүгінгі аудан жұртшылығына ортақ өнеге мектебі іспеттес. Ибрагим аға ұрпақтары ұлттық үрдісті, заманалық үдерісті табиғи түрде үйлестіруімен де дараланады. Заңгер мамандығына

таңдау жасағандары республиканың бес облысында әріптестер мен әлеумет сеніміне ие. Мұнайшы, ұстаз, атанғандары да танымал» дейді.

Осы кітапта Мәдениет қайраткері Ермек Жұмахметұлы: «Ибрагим ағамыз өте байсалды, ойлаып сөйлейтін, берекелі, пейілі кең, көне әңгімелерден хабары бар кісі екен. Сөйтсем, қазақ әдебиетінен мол хабары болып шықты. Үйге мерзімдік басылымдардың бәрін жаздырып алады екен. Әсіресе, жібермей оқитыны «Жұлдыз» журналы болып шықты» дейді.

Мұның барлығы – кейіпкеріміз Мирамбек Ибрагимұлының азаматтық келбетінің қалыптасуына оң әсер еткен қайнар бастаулар. Мәкеннің адамдармен қарым-қатынасындағы ерекше аура, сөзге беріктік, істің барысын болжаудағы ой айқындығы жоғарыда атап өткен тек пен тәрбиеде жатыр деген сөзіміздің мәнісі осы.

Тәрбиеден туындайтын ізгіліктер жөнінде Мирамбек Ибрагимұлы «Зан» газетіндегі «Ата Занның авторы – халық» атты мақаласында былай дейді: «Егер біз ұрпаққа бала жастан ұлтжандылық қасиеті дарыта алсақ, әрбір азаматымыз еліміздің патриоты болып шығатыны хақ. Сонда ғана біз қоғамның шынайы конституциялық келбетін ажарландырып, жаңа конституциялық мәдениетті қалыптастырамыз. Мәдениеттілік, отансүйгіштік, ұлтжандылық әрбір отбасындағы тәрбие шеңберінен бастау алса, әділдік пен заңдылықтың күретаптары – Ата Занымыздың қайнарлынан қуат алады» деп пайымдайды. Бұл – «Ел боламын десең бестігіңді түзе, тәмсіліңді түзе» деген қуатты сөзбен үндесіп жатқан жақсы ой. Конституция қазақ мұраты үшін қызмет жасайды дегенді жеткізіп тұрған түйін сөз.

Сөзіміздің кіріспесін Жұбан ақынның «Білем, білем

бір қазақты» өлеңімен бастаған болатынбыз. Жайық жұрты жүз жылдығын тойлап жатқан жыр сұңқары Жұбан ақын қилы заманның өзінде қисынын тауып болмысы бөлек қазағын мақтан етсе, үлгі көрсетсе кейінгі буын неге жаңғыртпасақ. Қазақтың марғасқа ұлдарын Жұбанша «Білем, білем бір қазақты» деп азаматтық келбетін ашып неге жазбасқа, жырламасақ. Шын шабыт үстінде туған ақын өлеңіне кезек берелік:

«Жылқыда
Жасаны айтса

казанат деп,

Адамда
Мақтайды ерді азамат деп.
Мұнымен
Бір дидарлас болғандар да
Кетеді жігіт-ақ деп,
Қазақ-ақ деп»

Дана халқымыз «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп жатады. Сындарлы салада әділдіктің үстемдік құруы үшін адал қызмет жасап жүрген қазақтың бір баласы Мирамбек Ибрагимұлы тарапына жылы сөз айту, мерейтойы қарсаңында мерейін үстем ету – ата-бабымыздан келе жатқан дәстүр сабақтастығы. Әсер елдің өнегелі әңгімесі, насихаты.

«Біз Мәңгілік Ел боламыз деп, кемел мемлекет құруды көздеген халықпыз... Қазақстан – 2050» стратегиясының басты межелерінің бірі – осы» деген болатын Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Ел мен Елбасының сенімін шығып, «Қазы – халықтың ождан» деген сенімге селкеу түсірмей ақ сөйлеп, әділдіктің үстемдік құруына бар ғұмырын арнап келе жатқан Атырау қаласы №2 сотының төрағасы Мирамбек Ибрагимұлы Нағашыбаевқа деніне саулық, отбасына амаңдық тілейміз.

Азамат МАМЫРОВ,
Батыс Қазақстан
инновациялық-технологиялық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

● МЕРЕЙ

СЫР МӘДЕНИЕТІНДЕ САРА ЖОЛЫ БАР

КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, облыстық «Сыр бойы» газетінің ардагері, ақын Рысты Бекбергенова быыл 90 жасқа толып отыр. Осы орайда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Сыр елінің мәдениеті мен өнерінің дамуына зор үлес қосқан қадірлі қаламгермен облыстық мемлекеттік архивінде кездесу кеші болды.

Кездесуде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Н.Өбділдасев қарт қаламгердің өнегелі өмір жолына тоқталып, Рысты Бекбергенованың осынау ғасырға тауа ғұмыр белесінде қоғамға, елге еткен еңбегі арқылы Сыр жұртшылығына кеңінен танымал екенін атап өтті. Сондай-ақ, аймақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасын қалдырғанын ардагерге амаңдық-саулық тілеп, абыройлы жолы ұрпаққа үлгі болатынын айтты.

Кеш қонағы Рысты Бекбергенова өмір жолының ашы да тушы естеліктерін ойға алды. Балалық шағынан соғыстың зардабын тартып, ауыр еңбекке араласқан, онан соң әкесі «халық жауы» атанып, кейіннен ақталып, соғысқа аттанғаны жайлы сөз қозғап, көңілі толқыған қаламгер, бүгінде тіршіліктің қандай бір кедергілеріне мойымайтынын айтты. Еңбекпен өсейіп, қажырлы мінезінің арқасында көздеген мақсатына қол жеткізгені қызықты әңгімелеп берді. Сонымен бірге, ақын бірнеше кітаптары мен құнды марапаттарын архив қорына тапсырды.

Кездесуде Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Ғазиза Әбділда сөз алып, көрнекті қалам иесі, аймақтың ата балымы – «Сыр бойы» (бұрынғы «Ленин жолы») газеті

ардагерінің көркем болмысымен көпке сыйлы, кейінгі ұрпаққа үлгі екенін атап өтті. – Кешегі соғыс уақытында

танымды, жан дүниенің сұлулық сипатын жырларына арқау етті, – деді.

Бұдан кейін архив қызметкерлері ақын өлеңдерін оқып, кештің ажарын аша түсті. Осы сәтте Рысты Адаммыз да шабыттанып, «Анаым, аламын» дейтін жыр толғауын тебірене оқыды. Жастар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

Қаламгердің өмір дерегіне



балалық шағын бейнетпен өткізіп, отбасында қанша қиындықтарды бастан кешсе де, оқуға, білімге деген ерекше құштарлығының арқасында қасиетті қаламды қолына алды. Қазақтың заңғар жазушысы, көптеген қаламгерлердің ұстазы Зейнолла Қабдоловтың батасын алды. Шығармашылық өлкесінде көп танылып, қоғамда өзіндік болмысын қалыптастырды. Ақындық жолында адами құндылықты жырлап, жаратылыс заңдылығын, табиғи

қысқаша тоқталып өтсек, ол 1930 жылы 30 тамызда Ресей мемлекетінің Астрахань облысы Володор ауданы «Қызылтан» колхозында дүниеге келген. 1951 жылы Атырау облысы «Мұнайлы» бекетіндегі жастар мектебін бітіреді. 1952-1956 жылдары Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педучилищені үздік тәмамдап, осы жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі.

Университет қабырғасында «Қасым Аманжоловтың лирикасы мен қызметі» тақырыбында дипломдық жұмысын қорғап, кәсіби журналист атанды. 1961 жылдан бастап отыз жылға тауа облыстық басылымда қызмет атқарды.

Ақынның «Тұңғыш кітап», «Ана жүрегі», «Жырға сапар», «Өмірім өлеңмен өрнектелген», «Өмірдің ақ-қарасы», т.б шығармалар жинағы жарық

көрді. Бүгінде ұрпағының бақытына кенеліп отырған қазыналы қария.

Кездесуді қорытындылай келе облыстық мемлекеттік архив басшысы Жанат Абзалиева қарт қаламгерге құрметін білдіріп, ұжымның «Құттықтау хатын» және ұлттық дәстүрімізге сай сыйсынап табыс етті. Ал ақын апамыз ағынан жарылып, батасын берді.

Ғ.ҚОЗЫБЕКҚЫЗЫ

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында облыс кітапханашылары арасында өткен «Жыл кітабын бірге оқимыз» атты онлайн байқаудың жеңімпаздары анықталды. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткен байқауда Ә.Әліжановтың «Үстаздың оралуы» шығармасын талқылау ұсынылған болатын.

ҮЗДІК КІТАПХАНАШЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Аудандық, қалалық және ауылдық кітапхана қызметкерлері сайысқа белсене қатысып, бейнеролик әзірледі. Осылайша кітапханашылар туындының мазмұнын оқырманға қызықты етіп жеткізуге тырысты.

Байқау қорытындысы бойынша үздіктер анықталып, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті. Қазалы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №5 кенттік кітапхананың кітапханашысы Айнуір Әбілгасева І орын, Арал аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы Гүлнұр Шалманова ІІ орын, Қармақшы ауданы Т.Көкембаев ауылдық кітапханасының кітапханашысы Гүлнар Қыпшақбаева ІІІ орынды иеленді. Жеңімпаздар арнайы дипломдармен марапатталып, сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ, бірнеше кітапханашыға ынталандыру сыйлығы табысталып, қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды.

Айта кету керек, шараға «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы демеушілік көрсетті.

«СБ» ақпарат

● КАРАТЭ-ДО

Каратэ-додан Қазақстан чемпионы, 1-ші дан иегері, облыстың балалар мен жасөспірімдер арасындағы аға жаттықтырушысы Әкімжан Нұрғалиевпен шағын әңгіме.



НАМЫСТАН ЖАРАЛҒАН, ЖЕҢІСПЕН ОРАЛҒАН

— Қызылордалық жас каратэшiлер барған жерiнен жүлдесiз қайтпайды, бiр халықаралық турнирден кемi 15-20 медаль олжалап оралатындарына үнемі куә боламыз. Бұл – каратэ тілімен айтқанда, сансүйердің, яғни, жаттықтырушылардың жұмыс нәтижесі.

— Сіз айттып отырған жетістіктер каратэ-доға жете көңіл бөліп отырған облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен тікелей байланысты. Бұған облысымыздағы каратэ спортының негізін салушы, 5-ші дан иегері Тағдырберген Жаналиевтің, 4-дан иегері Рүстем Әбжәмишевтің ерен еңбегін қосыңыз. Аймағымыздан 4 әлем чемпионын, 5 Азия чемпионын, 300-ден аса Қазақстан чемпионын шығарған да солар. Өзіміз де осы кісілердің мектебінен шыққанбыз.

— Біздің облыстық каратэ-до федерациясында қанша шәкірт, қанша ұстаз бар?

— Бүгінде Қызылорданың әртүрлі спорт мектептерінде оқитын 600-ден астам спортшы үздіксіз жаттығумен айналысады, олармен 15 жаттықтырушы жұмыс жасайды.

— Қайсыбір жылы орыс тілді газеттегі әріптесіміз Азия чемпионатынан екі бірдей алтын алып оралған каратэшiлеріміз туралы жазған мақаласына «Брюс Ли был доволен» деген тақырып қойды. Әрине, қара белбеулі қарадомалақтарымыз осындай мадаққа лайық. Дегенде, әлемдік деңгейге көтерілетін спортшыларымыз бар ма?

— Айттып отырғаныңыз – сол кезде 14-15 жас арасындағы Мөлдір Жаңбырбай мен Нұржан Ақпанбет. Екеуі де – талантты спортшы, екеуі әлем чемпионы. Қазіргі таңда Нұржан жаттықтырушылық жұмысқа ауысты, ал, Мөлдір әлі додаларға қатысып, үлкен жетістіктерге жетіп жүр, одан күтер үмітіміз таудай.

— Әйтсе де, пандемияға қатысты биылғы жылға белгіленген біраз жарыстар кейін қалып жатқан шығар?

— Биыл көктемде Словакия елінде өткен халықаралық турнирге қатысып үлгердік. Менің шәкіртім, Қорқыт ата атындағы университеттің студенті Диас Молдабеков бұл сында қола жүлдеге қол жеткізді.

Әрине, пандемияға байланысты барлық жарыстар мен жиындар тоқтатылып тұр. Тіпті, Токиода өтетін олимпиаданың өзі 2021 жылдың маусым айына шегерілді ғой.

Карантин талаптары баршаға ортақ, сондықтан спортшыларымыз өз жаттығуларын үй жағдайында, сырттан оқшау ауаларда жасайды. Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен көптеген жарыстар онлайн жүйесінде өткізіліп жатыр. Қалай болғанда да халықтан қара үзбеуіміз керек. Спорттың бұқаралық сипатына сәлсеу тіркәмеуге тиіспіз. Ең бастысы, жасөспірімдерді отансүйгіштікке, еңбекке, намыс пен батылдыққа баулуың

жолын жоғалтқанымыз жоқ.

— Олимпиаданы айттып қалдық. Каратэшiлеріміз олимпиадаға бара ала ма?

— Қазіргі таңда 3 дүркін әлем, 3 дүркін Азия чемпионы Мөлдір Жаңбырбай Токио олимпиадасына ұпай жинап, дәрежелі жарыстарда бақ сынап жүр. Бұйырғанда, осы қызымдызы олимп алауының сапынан көріп қаламыз. Бұл сөз – әлемдік деңгейге қатысты қойған сұрағыңызға да жауап.

— Жалпы, біздің облыс каратэшiлерінің еліміз бойынша еңішлейтін орны қандай?

— Малайзияның Кота-Кинабалу қаласында каратэ-додан өткен жастар арасындағы Азия чемпионатында жерлесіміз Әсемгүл Ердаулет қола медаль иеленді. Рүстем Қараев жаттықтыратын Әсемгүл сол сында Тайланд спортшысын 2-1 есебімен жеңіп, сары құрлық біріншілігінің үздік үштігіне енді. Ол, сондай-ақ, 2019 жылы Сантьягода өткен әлем чемпионатында да 3-орын алған еді.

Кота-Кинабалуда әлемнің 33 елінен бес жүзге жуық каратэшi қатысқан долада 20 спортшы ел намысын қорғады. Чемпионат қорытындысымен жалпы есеп бойынша жапондықтар бірінші, Қазақстан құрамасы екінші орынға ие болды.

Осы нәтижемен өзі бұл спорт түріндегі еліміздің жетістігін ғана емес, облысымыздың да орнын анықтауға болады.

Әсемгүл Ердаулетпен бірге Азия біріншіліктерінен олжа салып жүрген – Диас Молдабеков, Кемелбек Кабланбек, Дауренбек Берманов, Мұхамед Мәганатұлы секілді спортшыларымыз да жеткілікті. Біздің шәкірттеріміздің арасында 20-дан астам ҚР спорт шебері, 5 халықаралық дәрежелегі спорт шебері бар.

— Жан-жақтылық үшін білікті мамандардан дәріс алатын шығарсындар?

— Білім болсын, спорт болсын үнемі ізденіп, біліктілігін шыңдап отырмаса, тоқырап қалатыны шындық. Біз де жаттықтырушыларға арналған семинарға қатысып тұрамыз. Спортшылардың дайындық деңгейін жетілдіру, өзара достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында облыстық спорт басқармасы басшылары мен облыстық каратэ-до федерациясы ондай шараларды ұйымдастырып отырады. Мәселен, каратэ-додан ҚР вице-президенті, 7-ші дан иегері, республиканың аға жаттықтырушысы Жасталпақ Санауовтың 14 сағаттық практикалық сабағына қатыстым. Осы семинарда мен Р.Әбжәмиев, Е.Боханов, Н.Ақпанбет, Р.Қараев, И.Леонид секілді әріптестеріммен бірге арнайы сертификат иелендім.

— Өзіңе және шәкірттеріңе жеңіс тілеймін, Әкімжан. Дені сау, жаны азат жас ұрпақ тәрбиесіне қосып жатқан үлесің еселене берсін.

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЯШҮЛЫ,
«Сыр бойы»



Сыр елінің дара есімдері дегенде арғы-бергі тарихымыздағы батырлар, көсемдер, ғұламалар, от ауызды, орақ тілді шешендермен қатар өзіміз көзін көрген, тәрбиесін алған, бұрын дүниеден өткен, қазіргі кезде ортамызда жүрген ұлағатты аға ұрпақ өкілдері ойымызға оралады. Солардың бірі де бірегейі – биыл 15 қарашада туғанына 100 жыл толатын Уәли Төрәлиев.

Халық арасында адамгершілік қасиеті жоғары, ақкөңіл, жаны жарқын адам туралы «ол әулие ғой» деп айтылатын сөз бар. Уәли Төрәлиев өз кезегінің нағыз әулие адамы еді. Ол оқу-ағарту ісін үлкен жауапкершілікпен, қатаң талапшылдықпен заман талабына сай басқарды. Айналасындағыларға әділеттілікпен қарап, жетім-жесірлі жебеп, сүрінгенді дереу демеп, аласқанды үйіріне қосты. Тұрмысы төмендерді қамқорлыққа алып, тоңғанды жылытып, нұрын шашып, шуағын төгіп жүретін қасиетті адам еді. Кейде «зиялы қауым, зиялы



ЗИЯЛЫ АДАМ

адам деп кімді айтамыз?» деген сұрақ туып жатады. Біздінесе, зиялы адам деп Уәкенді толық айтуға болады. Зиялылық деген ұғымға ол кісінің болмысы, бекзаттығы барынша лайықты.

Ол Қармақшы ауданы Қараөзек ауылының тумасы еді. Еңбекке ерте араласқан, сауатсыздықты жою жөнінде мұғалім, оқу ісін меңгерушісі, мектеп директоры болып қызмет атқарған. 1942 жылы алдымен Ақтөбе қаласындағы мұғалімдер институтын, 1944 жылы Қызылорда қаласындағы педагогика институтын бітірген. Осыдан қызмет саласындағы өсу жолдары басталды. Бұған негіз болған оның алғашқы еңбек жолы. Сол кездің өзінде ол өзінің кабинетін, ізденімпаздығын, таңдаған мамандығына адалдығын көрсетіп үлгерген. Кейін облыстық партия комитетінің лекторы, лекторлар тобының жетекшісі, 10 жыл бойы мектеп бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарғанда да ұстанған жолынан тайған жоқ. Білім-білігін толықтырды, саяси-қоғамдық жұмыстардың бел ортасында болды. Облыстың білім беру, оқу-ағарту, тәрбие беру саласына тікелей басшылық жасап, өңірдің әлеуметтік, мәдени, рухани жағынан дамуына сүбелі үлес қосты.

Уәли Төрәлиев 1961-1963 жылдары Қазақстан Компартиясы Қазалы аудандық комитетінің бірінші хатшысы, аудандық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған. Сол уақытта өзінің тарихи дәстүрі, даму жолы бар ерекше аудан – Қазалыны басқару кез келгеннің қолына тіе бермейтін. Осы жауапты, күрделі қызметтердің Уәли Төрәлиевке жүктелуі оның кім болғанын көрсетеді.

Ол 1963-1983 жылдары жырмаша жылдан астам уақыт Қызылорда облыстық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып еңбек еткен. Еңбегінің жанып, құлдығының жарқырап көрінгені, жемісті де жеңісті жылдары осы жырмаша жыл болды. Менің де Уәкенді білгенім осы жылдар. Балабақша, мектеп басқарғанында осы мекемелердің материалдық базасы, жаңа мектеп салу жөніндегі мәселелерді көп зұр қылмай, бірден шешіп беретін. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы кезінде де Уәкеннің ақыл-парасатына жүгінетінбіз.

Әсіресе, мектеп бітірушілерді өндіріске жіберу, оның ішінде, қой шаруашылығында комсомол жастар шопаңдар бригадаларын ұйымдастыру жөнінде мәселелер туындайтын. Жай ғана «осы бітірушілерді мектептен шыға сала қой бақтырғанымыз қалай?» деп сұрайтын. «Жоғары оқу орнына еңбекте мыңдалып барғаны дұрыс қой» дейтінбіз, басқа не дейміз, бәрі де заман талабы ғой.

Басымнан өткен бір оқиғаны



үлкен қарқынмен жүрді. Облыс бойынша мектептен тыс және мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерінің желісі дамыды. Облыста оқушылардың шығармашылық, техникаға, туризмге деген қызығушылығын дамытуға байланысты облыстық жас техниктер, жас натуралистер, жас туристер стансалары жұмыс істеді. Уәли Төрәлиев қаншама қадір тәрбиеледі, үздік ұстаздар, мектеп директорлары, ғалым-педагогтар өсіп жетілді. Мектептер мен басқа да оқу-ағарту ұйымдарында өте жақсы моральдық-психологиялық ахуал қалыптасты.

Оның тағы бір қасиеті адамдармен қарым-қатынасы еді. Барлық аудандардың бірінші хатшыларымен, аудандық кеңес атқару комитеттерінің төрағаларымен, облыстық басқарған бірінші басшылармен, оның ішінде Исатай Әбдікаримовпен, Тәкей Есетовпен сыйластықта болды. Олар да Уәкеннің ой-пікірімен санасып отырды. Осы сыйластық қарым-қатынасты дипломатиялық әдіспен оқу-ағарту, тәрбие жұмысына, мектептердің өзекті мәселелеріне аударып, бұрып отырды. Мемлекет және қоғам қайраткері Қонысбек Қазантаевпен, кәсіптік-техникалық білім беру саласының басшысы Смағұл Ысқақовпен өте жақын достық қатынаста болды. Қ.Қазантаев сол кезде Төреөзек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Сол кісінің басшылығымен жұмыс атқаратынбыз, екеуінің достығының куәгері болып, қызметтен тыс уақытта, дастархан басында әңгімесін тыңдадық. Көнекен бір жакка жол жүретін болса, Уәкен мен Смағұл аға шығарып салып, күтіп алатын. Үйіне апарып дәм татырмай қайтармайтын. Бірін-бірі құрметтеуі, достығы адам таңғаларлықтай еді.

Уәли Төрәлиев 1983 жылы республикалық дәрежедегі зейнетке шыққан соң облыстық партия комитеті жанындағы Марксизм-Ленинизм университетінің директоры болып қызметті жалғастырады. Өзіне тән юморы бар еді, әзіл-өңімелері әлі күнге дейін айтылады. Университетке барған соң құрдстарының: «Марксизм-Ленинизм университеті қалай екен?» деген сұрағына «оқу-ағарту саласының кешкі мектебі сияқты ғой» деп жауап беріпті. Өзі әзілдеп айтқандай, кешкі мектеп сияқты университетті әдеттегі ыждағаттылығымен, іскерлігімен, парасатымен басқарып, жауапты қарлардың марксизм-ленинизм ілімін меңгеріп, саяси шыңдалатын бірден-бір оқу орнына айналдырылды.

Уәли Төрәлиев екі рет «Еңбек Қызыл Ту» (1971, 1981 жылдары) және «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірқатар медальдармен марапатталды. 1961 жылы Қазақ КСР-ның, ал 1971 жылы КСРО-ның «Үздік ағартушысы» атағын алды. Отбасының берекесі, бала тәрбиесінің бағаны еді. Зайыбы Әзизия Байқасымова екеуі (ол кісі де ұстаз) бес бала тәрбиелеп өсірді.

Сыр өңірінің өркендеуіне және оқу-ағарту саласының дамуына, өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру де сінірген еңбектерін ескеріп, Қызылорда қаласындағы мектептердің біріне Уәли Төрәлиевтің есімі берілсе, облыстық бас ағартушысы болған абзал азаматқа лайықты құрмет болар еді. Шәкірттері үлкен жұмыс істеді, ешқандай ешқандай аңызға айналған зиялы адам ретінде сақталады.

Алмагүл БОЖАНОВА,
облыстық Құрметті азаматы

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ ҚАЗАРАНА!

2020 жылдың 1 қарашасынан 30 қарашасына дейін Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты «Қызмет көрсету орталығының» қызметі толықтай ҚАШЫҚТЫҚТАН жұмыс жасауға көшіріледі. Орталық қызметі төмендегідей жүргізіледі:

- Электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тек электронды түрде жүзеге асырылады;
- Электронды түрде көрсетуге жатпайтын мемлекеттік қызметтер «Электронды үкімет» порталының өтініштерді беру сервисі арқылы жүргізіледі.

- Кеңестер алу үшін Байланыс орталығы 1414 нөміріне немесе келесі телефондарға хабарласуға болады.

- /7242/ 23-50-58 – Жеке тұлғалардың ақпаратын қабылдау және өңдеу орталығы;
- /7242/23-71-85 – Заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің ақпаратын қабылдау және өңдеу орталығы;

- /7242/ 23-74-98 – Мәжбүрлеп өндіріп алу бөлімі және Заңды тұлғаларды әкімшілендіру бөлімі;
- /7242/ 23-61-56 – Жанамал салықтарды әкімшілендіру бөлімі және Жеке кәсіпкерлерді әкімшілендіру бөлімі;
- /7242/ 23-73-05 – Талдау және есепке алу бөлімі;
- /7242/ 23-52-96 – Персоналмен жұмыс және ұйымдастыру жұмысы бөлімі;
- /7242/ 23-64-88 – Өндірістік емес төлемдерді әкімшілендіру бөлімі.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының электронды поштасының мекен-жайы: kyzylorda@taxkz1.mgd.kz

Сіздерге түсініктілігін қарағандарыңыз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз және келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.

Қызылорда қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы



● АЙБЫН

«Алтын жебе-2020»

Қызылорда гарнизонында «Алтын жебе-2020» арнайы операциялар күштерінің компоненттерінің кешенді тексерісі өтті.

Әскери бөлімдегі арнайы мақсаттағы барлау бөлімшелерінің жауынгерлік тапсырмаларды дер кезінде орындауын, жауынгерлердің далалық дайындығының деңгейін, кәсіби және жауынгерлік әзірліктерін тексеру көзделді.

Тексерістің алғашқы күні бөлімнің барлау бөлімшелері дабыл бойынша көтерілді. Келесі кезеңдерде кешенді тексерістің жоспарына сәйкес барлаушылар қойын-қолтық ұрыс дағдыларын, медициналық дайындықтарын көрсетті. Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс дағдылары бойынша сынақтар тапсырып, күндізгі, түнгі уақыттарда марш жасап, оқу-тактикалық атысты орындады.

Кешенді тексеру барысында әскери бөлімнің рота командирлері жақсы нәтиже көрсетті. Бұл сынақ бөлімнің жеке құрамына ынта-жігер берері сөзсіз.

Мұхит ҚОНАРОВ,
Қызылорда гарнизоны баспасөз қызметінің бастығы, сержант



Жемқорлықпен күрес баршаға міндет

Еліміздің кез келген өңірінен сыбайлас жемқорлықпен қылмыс жасап, мемлекет мүлкін талан-таражаға салып немесе мемлекеттік қызметті асыра пайдаланғандардың қылмысы арагділік болса да әшкерсе болып жатыр. Қоғам сауаттанды, заң кез келген азаматтың мұддесін қорғайды, қарапайым азаматтардың құқықтық сауаттылығы артты, өзін-өзі қорғай алады. Дегенмен, жемқорлардың арбауына түсіп, адал асын алдына тосатын, заңнан ғөрі шаруасын парламен шешісі келіп тұратын азаматтар көп. Осындай жолдармен жемқорлыққа жол ашу қарапайым азаматтардың қоғамды кері тартып отырғанын көрсетеді. Жемқорлық қылмыс тарға қатысты қатаң жаза мен жан-жақты бақылау қылмысты әшкерелеу тетіктерін дамытты. Ортақ ұжымдық күрес нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты көптеген ірі оқиғалар анықталып, біраз шенді, лауазымды азаматтар істі болды.

Бүгінгі таңда жемқорлық заң бұзушылық дерек-фактілері болған жағдайда азаматтар құқық қорғау орындарына, сыбайлас жемқорлықпен күрес орталықтарына тегін call-центрлар арқылы хабарлай алатын мүм-

кіндіктер жасалды. Жемқорлық заң бұзу фактілерін хабарлаған, немесе қандай да болмасын басқа әдіспен жемқорлықпен күресуге үлесін қосқан тұлғалар 30 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейін мөлшерде материалды ынталандырылатын болды. Заң бойынша, жемқорлық құқық бұзушылықты хабарлаған және басқа да жолмен жемқорлықпен күреске атсалысқан тұлға мемлекет қорғауында болады. Жемқорлықпен күреске көмек берген тұлға туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады. Егер де қажеттіліктер туындаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін органдар жемқорлыққа қарсы күреске атсалысқан тұлғаның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге келіпдіктер беріледі немесе оның қауіпсіздігін толықтай қамтамасыз етеді. Сондықтан барлығымыз өзіміздің өмір сүріп отырған ортамызды түрлі заңсыздықтар мен сыбайлас жемқорлықтан сақтауға тиіспіз.

Н.АЛМАТОВ,

Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейніндегі инспекциясының бас маманы

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басшыларға хабарландыру орналасыңғыңыз келсе: 70-00-52 телефонна арқылы байланысуға болады. E-mail: smjanama@mail.ru

Іздеу саласы

Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы, М.Нәлібаев ауылы Сырғак батыр көшесі №17 үйдің тұрғыны болған, 1951 жылдың 22 қаңтарында туылған Әділбаев Исабек Оразбекұлы 2016 жылдың тамыз айынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты зайыбы Маханбетова Айман Ботбайқызы іздеу салады.

Қызылорда облысы, Жанакорған аудандық полиция бөлімінің 2017 жылдың 13 мамырдағы №17434003420001 іздеу ісі ашылуына байланысты хабарландыру жарияланған күннен бастап 3(үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Жанакорған кенті, А.Иманов көшесі №107 үй, байланыс тел.: 8(72435) 2 23 00, 2 14 84.**

Жарамсыз деп есептелсін

Жеке кәсіпкер «ИП Алимшеев» (ЖСН 77072302791) атына берілген мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.



● СЕНЫБЛІК СҰХБАТ

IT – тиімді технология. Алысты жақын, жаяуды жылдам етіп шаруасын бітіруге көмектеседі. Бұрынғыдай банктен ақша аударуға немесе темір жол және әуе билетін алуға табаныңыздан тозып әуре болмайсыз. Мемлекеттің бір түкпіріндегі оқиғаның жедел түрде технология арқылы тарап, бүкіл республика құлағдар болып отырғаны, ақыр соңы біздің кезекті кейіпкерден алған сұхбатымызды ұялы телефоннан оқуға мүмкіндік алғаныңыздың өзі де осы технологияның арқасы. Жаңа заманның талабына сай қамдалып, еркін қолданысқа енген технология турасында IT маман, қаладағы «GRAND master» бағдарламалау мектебінің директоры Алмат Қуанышбаевпен әңгімелескен едік.

5000-нан аса IT маман жетіспейді

– Алмат, әңгімені мынадан бастасaq. Қазір IT саласы дамып, көптеген мүмкіндіктерге қол жеткізгенімізбен, маман таңдауда әлі де сол баяғы көзқараспен келеміз. Бұл күнде компьютердің тілін білгеннің бәріне программист деген ортақ атау беріп, саланы әлі толық меңгермегенімізді көрсетіп жүрген жоқпыз ба?

– Біздің салаға келгенде жұртшылықтың көзқарасы әлі де дұрыс қалыптаса қоймағаны жасырын емес. Мәселен, заң процесімен айналысатын адамды заңгер дейміз. Бірақ олардың ішінде сала бойынша бірнеше тармаққа бөлінеді. Айталық, прокурор, адвокат, нотариус, жылжымайтын мүлік бойынша заңгер, тек қана ерлі-зайыптылардың, яғни отбасылық және ажырасуға байланысты мәселелермен айналысатын заңгерлер, тағы сол сияқты. Бұл деген сөз – әр саладағы заңгер басқа саладағы заң тармақтарын білмеуі мүмкін. Өйткені, ол өзінің тікелей жауап беретін саласы емес. Дәл сол сияқты, IT мамандары да жалпы «айтишник» аталғанымен, олардың өз ішінде бағдарламашы, серверлік құрылғылар маманы, компьютер техникі, жүйелік администратор, айты аналитик тәрізді тармақтарға бөлінеді. Сол себепті, бір IT маманы екінші бір айты салаға қатысты жағдайды білмей қалып жатса, таңғалатын жөні жоқ. Осы кезге дейін IT маман болу үшін бір бағдарлама тілін біліп, компьютер архитектурасын тану жеткілікті еді. Қазір талап күшейді. IT бағдарламалар кез келген салаға енгендіктен, ол агроном да болу керек, металлургия та болу керек, дәрігер, нанотехнолог та болу керек. Себебі, бұл мамандардың бағыты әртүрлі. Бірі бағдарламаның ішкі кодын, яғни алгоритмін жазуға машықтанса, келесісі оның интерфейсін жазды. Үшіншісі – дизайнға жауапты.

– Еліміздегі IT саланың даму қарқыны қалай? Қандай өзгеріс, кемшілік бар?

– Мемлекеттік құрылымдар, бизнес саласы сандық әлемге өту қажет. Бізде әлі қорқыныш бар, ақпараттық әлемге сенімсіздік бар. Бұдан бөлек, IT саласының мамандарына берік іргетас жетіспейді. Оны университеттен емес, мектеп қабырғасынан бастауымыз керек. Шетелдің мектеп оқушылары веб-браузер, мобильді қосымша жасайды. Ал бізде университет студенттерінің көбінің қолынан келмейді. Ал, мектептегі информатика пәнінің өту деңгейі мүлде төмен деуге болады. Біріншіден, құрал-сайман ескі, екіншіден, мұғалімнің білім деңгейі жеткілікті дей алмаймыз. «Delphi, turbo pascal, visual basic, c++, c++»-ті өтеді. Бұл тілдер жаман емес, turbo pascal-дің көмегімен де бағдарлама жасауға болады. Бірақ, ол қазіргі нарыққа сай емес. Жыл сайын қайталанатын дүниені бұзып, жаңа жүйеге көшу маңызды. Кеше пандемия өршіген тұста цифрландырудың қандай деңгейде екенін байқадық, мектеп мұғалімдері де қандай платформада білім беруі жайлы бір топтамаға келе алмады. Кей ауылдарда интернет жылдамдығы төмен. Онымен қоса карантин уақытында түрлі гаджет, ноутбук секілді онлайн оқуға қажетті технологиялардың бағасы шарықтап кетті. Мұның барлығы уақыт еншісіндегі дүние, тек алға ұмтылыс керек деп білеміз. Қазір біз мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға күш салудамыз. Осы уақытқа дейін 200-ден аса оқытушы қосымша білім алып, қажетті кеңес-


терге қол жеткізді. Статистикалық дерек бойынша, елімізде 5000-нан аса IT маман жетіспейді екен, ол жоғарыда айтқан маман даярлау ісімен байланысты. Көшті ілгерілету, ойдағы нәтижеге жету өз қолымызда.

«Бізде әлі ақпараттық әлемге сенімсіздік бар»

2030 жылға дейін 180 мамандықтың жойылу қаупі бар

– Осыдан 3-4 жыл бұрын Оксфорд университетінің құрметті профессоры, құқық саласының жаңа әлемге әйгілі IT кеңесші Ричард Саскиннің «Мамандықтар болашағы» атты кітабы жарық көрді. Автор жаңа технологиялар дәстүрлі жұмыс түрін жеңілдетуі мүмкін деген пікір білдірген және болашақта IT-генетик, интеллектуалды жекешенікті бағалау, медициналық робототехник, виртуальды өмір архитекторы секілді мамандықтардың қарқын алатынын алға тартқан екен. Маман ретінде осыған алып-қосарыңыз бар ма?

– Бізде «Көрінбейтін компьютер» деген түсінік бар. Мәселен, қазір «ақылды» тоназытқыштар қолданысқа енді, азық-түлік азия бастаса, ол бірден хабар береді, – микротолқындар пештер де солай. Жалпы, техниканың барлығы автоматизацияланған. Қытайда 15000 зауытты автоматты жүйеге көшірді. Ұялы телефонды адам емес, енді роботтар құрастырады. Қарапайым банкке несие төлеуге қасасағ барсаңыз, терминал арқылы төлеуіңізді сұрайды. Бұл ретте еліміздегі «Kaspi bank»-тің автоматизациялануы жоғары деңгейде дер едім, олар тұтынушыға қажеттінің барлығын ескерген. Мұнан соң еңбек нарығы – көпсалалы. Әр салада әртүрлі кәсіп танымал. Мәселен, банк секторында тәуекел-менеджері сұранысқа ие болса, фармацевтикада сату мамандары мен GR-менеджерлер қажет. Ал IT-саласында көбіне құрастырушылар мен sales-менеджерлерді іздейді. Әрі көп жерде адам күшін технология алмастырғанын ескеру керек. Бүгінде жасанды интеллект саңаңдан асып түсіп, робототехника жаңа қарқынмен дамып келеді. Сондықтан креативті ойлайтын және серпінді инновацияны жасауға қабілетті жаңа мамандарды әзірлеуге ден қойған дұрыс. Ол үшін алда пайда болатын немесе тұрақты сұранысқа ие болып қала беретін мамандықтарды айқындауға ықпал ететін құралға, яғни атласқа сүйену қажет. Себебі, кейбір мамандықтар еңбек



шындадым, осы салаға қатысты ізденіс, жаңа бастамаларды қолға алу жоспарымда. IT технологияны үйрететін мектеп ашу идеясы да 10 жыл бұрын ойыма келді. «Неліктен Қызылордадан аштың?» деген сұрақ болды. Нұр-Сұлтан, Алматы секілді алпауыт қалаларда бәсекелес көп болғандықтан, бұл істі туған өлкеде бастауды шештім. Бүгінге дейін 3000 адам оқып шықты, бастапқыда тегін оқулар ұйымдастырдық. Уақыт өте бизнес психологиясы мен маркетинг негіздерін ескере отырып, ақылы қызметке көштік. Оқытулар 5999-дан 69999 теңгеге дейін барады. Психологтар алға тартқан теорияға сәйкес 99.99 бен 100 адам мында мүлдем екі бөлек әсер етеді екен. Ағылшындар соны тоғызбен аяқталатын тауар бағаларын charm prices яғни «тартымды бағалар» деп атаған. Өткен ғасырдың аяғындағы зерттеулер көрсеткендей, соны тоғыз санымен аяқталған тауарлар басқа бағадағы тауарларға қарағанда көп сатылған. Эксперимент кезінде 36 доллар тұратын тауар бағасы 39 долларға өзгергенде тауар сатылымы 30%-ке артақандығы дәлелденген. Ірі компаниялар да тоғыз санын бағаға пайдаланады. Мысалы, Apple. Кезінде Стив Джобс iTunes дүкендеріндегі әндерді альбом түрінде емес, даналар 99 центтен сатуды ұсынған. Нәтижесінде алғашқы 6 күнде 1 миллион ән сатылған. Бізде осы технологияны пайдаландық, қарқын жоғары. Өз еркімен оқып, жетілемін деген жастар саны артып келеді. Қазір «AVALON» киберспорт ойындары байқауларын ұйымдастырудамыз, бұған дейін 500 адам қамтылды. Осы жобаның нәтижесінде облыста «Portal IT Sports» киберспорт командасы құрылды. Құрамында 8 адам бар, жасында олар 12 млн теңге инвестиция тартты. Мұның өзі үлкен жетістік деп айта аламын. Сонымен қатар «JAS MAMAN» жобасы бойынша біз жоғары білікті мамандарды даярлауды қолға алдық, яғни жастар мемлекеттік «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы арқылы шыңдала алады. Қазір бізден 83 жас оқытудан өтті және олардың 33-і тұрақты жұмысқа орналасты. 15-і жауап күтуде. «HARD CODE NIGHT» жобасы бойынша мамандар тәулік бойы оқимын деген әрбір адамға көмекке келе алады. Ал, «RED HACK» – болашақ хакерлердің ортасы. Мұнда олар ойын барысында киберкриминалистика, вай-файды бұзу секілді түрлі тапсырмаларды орындайды. Арнайы қаржылай сыйлық қарастырылған. «AT-IT» – мұғалімдердің біліктілігін арттыруды көздейтін жоба. Осындай бастамалар арқылы IT саласының өркендеуіне өз үлесімді қосуды қалаймын. Қазір карантин уақыты болғандықтан, көптеген жоспар өзгерді. Түркістан және Ақтөбе облыстарынан мектеп ашу да келер жылға қалды.

Облыста киберспорт командасы құрылды

– Big Data, әлеуметтік инженерия, жасанды интеллект жайлы не айта аласыз?

– Қазіргі таңда жасанды интеллект, Big Data салалары әлемдік драйвер бола алады және Big Data күннен-күнге өсіп келе жатыр. Бұған адамдардың ақпарат алмасуы себеп. Жиналған ақпаратты machine learning-ке салып, мәліметті адамзат игілігіне де, адамзатқа қарсы мақсатта да іске асыруға мүмкіндік бар.

– Қазір бағдарламалауға баулитын мектебіңде шәкірт көп, қарқын байқалады. Бірер жыл бұрынғы сұхбатыңызда Түркістан және Ақтөбе облыстарына да осындай мектептерді ашуды жоспарлап жүргеніңізді айтқан екенсіз...

– Экономиканың ақпараттық жүйе мамандығы бойынша білім алдым. Польшада білімді

Әңгімелескен
Мөддір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

● ТАБИҒАТ

Сайын даланың сұлуы немесе киік саны қанша?

Қазақ даласында 334 мыңнан астам киік жүр. Бұл санды ойдан шығара салғанымыз жоқ. Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтың инспекциясының берген мәліметіне сүйендік. Айтпақшы, бұл былтырғы санақ қорытындысы. Біз көрші Ақтөбе, Қарағанды жері, одар әрірек Қостанай мен Ақмола облыстарының аумағында жосып жүрген киіктің Сырға қарай көбіне қыс түсе ауатынын ғана білеміз.

Сб Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Аймақта Қызыл кітапқа енген жануар мен құс түрлері баршылық. Соның ішінде ерекше қорғауға алынғаны осы – киік аңы. Биологиялық мәліметте, киік жұптұяқтылар отрядының бөкендер туысына жататын, тұлғасы ірі, қойға ұқсас, дөңес тұмсықты, күйіс қайтаратын түз жануары. Халық «ақбөкен» деп сүйсіне ат таңған, сайын саланың сұлуы көбіне шөлейтті және далалық аймақтарда тіршілік етеді.

Мамыр айының ортасынан бастап жаппай лақтайтын киіктің саны жылма-жыл артуда. Мемлекет басшысы тікелей назар аударып отырған дала жануарын қорғау бұрынғыдан да күшейтілген. Ал жазасы тіптен ауыр. Мысал келтірсек.

Быттыр қараша айында қолданыстағы заң талаптары қайта қаралып, өзгерістер енгізілді. Заңсыз аңшылықпен немесе тасымалдаумен, сақтау, сату, сатып алумен айналысқан тұлғаларға қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 337 және 339-баптарындағы жазалау санкциялары қатаңдатылған. Бұдан бөлек мемлекетке келтірілген шығынын да қосып есептейтін көрінеді. Нақты айтар болсақ, бір киіктің текесін жазым етсеңіз 500 АЕК, яғни, 6 млн 250 мың 500 теңге айыппұл арқалауға мәжбүрсіз. Ал аналығы мен төлінің айыппұлы 350 АЕК немесе 4 млн 375 мың 350 теңге. Қарап отырсаңыз, мұнда да «еректе тоқты құрбандық» қағидасы жүріп тұр. Текелердің құны қаншалықты екенін жоғарыдағы айыппұлдан бағалай берерсіз. Мұнан басқа, киік атып, жазалы болғанның барлық пайдаланған көлігі мен қару құралдары тәркіленеді.

Жануар біткеннің сұлуы – ақбөкеннің төлдеу, көбею кезінен бөлек, көшіп-қонуы, өріс ауыстыру уақытында арнайы шаралар жүргізіледі. Құзырлы органдардан жұмысшы топ құрылып, киіктің төлдеу, шоғырланған орындарындағы топтырақ, ауа және судан биологиялық сынамаалары алынып тұрады екен.

– Инспекцияның, жергілікті атқарушы органдарының, табиғат және құқық қорғау мекемелері бекіткен іс-шара жоспарына сәйкес, облыс көлемінде табиғат қорғау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Жүргізілген рейд барысында, биыл 9 ай ішінде біздің облыс бойынша киікке қатысты 5 қылмыстық іс тіркелген. Оны екеуін сот органдары қарап, айыптыларға 2 жарым, 3 жыл бас бостандықтарынан айыру жазасы тағайындалған. Бір қылмыстық іс бойынша тереу мерзімі үзілген. Тағы біреуі басқа облыстардағы қылмыстық істермен біріктіріліп, Қарағанды облысына жолдана, бір қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тереу амалдары жүргізіліп жатыр, – дейді облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтың инспекциясының бөлім басшысы Олжабек Холов.

Быттыр, Құдай ондап, киік аңына қа-

тысты қылмыстық іс тіркелмейті. Оның алдыңғы жылы осы мәселеге қатысты 9 дерек сотқа жолданған. 16 адам бас бостандығынан шектеліп, келтірілген 95 млн теңге шығынды мемлекет пайдасына өндіруге үкім еткен. Оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық құралы – 2 дана Тойота Ланд Крузер, 1 дана Митсубиси Паджеро, 1 дана УАЗ, 2 дана мотоцикл және 7 дана аңшы қаруы тәркіленген.

– Бәрі бекітілген жоспарға сәйкес жүреді. Киікті, жалпы жануарларды қорғауда инспекторлар жаңа техника, арнайы киім және қарумен қамтылған. Қызметкерлерге іссапар шығыны төленіп, жылжымалы жатақхана берілген. Біздің инспекция, аудандық, қалалық полиция бөлімдері, орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер және «Охотзоопром» ӨБ филиалы қызметкерлерімен құралған мобильдік топ бар. Киікті қорғауға Арал мен Жанақорған арасындағы облыс шекарасы белгіленген аймақ кіреді. Мойындау керек, заң күшейтілуіне қарамастан киік аулайтын қаскөйлер тыйылар емес. Біздің мақсат – жануарлар тыныштығын сақтау. Күшейтілген рейдтің арқасында 2018 жылға қарағанда киік саны 55 процентке өсті, – дейді облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бас маманы Бақытжан Елемесов.

Мақала басында ашып көрсеткендей, Қазақстанда 334 мыңнан астам киік бар десек, оның ішінде Үстіртте 5900, Бетпақдалада 111500, Орал популяциясында 217000 бас киік бары ғылыми ұйымдар жүргізген санақ жұмыстарынан белгілі болған. Енді қараңыз. Соңғы 7-8 жылда киік өспесе азаймаған дейді мамандар. Анықтама ретінде айтсақ, 2012 жыл бізде 135 мыңнан аса киік өрсе, араға бес жыл салып, қайта санасақ, 2018 жылы 215 мыңнан асқан. Мамандардың былтырғы өсімнің 55 процентке артуын соңғы 2018 жылғы цифрмен байланыстырады. Ал былтырғы киік саны әлі белгісіз.

Киік санының артуы 2012 жылғы ҚР Үкіметінің 25 шілдедегі №969 қаулысына сәйкес жүзеге асқан шаралардың арқасы деп білеміз. Өйткені, қаулыда көрсеткендей, киікті 2020 жылға дейін аулауға тыйым салынған. Ал биыл бұл тыйым 2023 жылға дейін ұзартылып отыр.

Киікті түгендей отырып, қарақұйрық жайлы айтпай кетпеуге болмас. Ғылыми ұйымдар тарапынан республика көлемінде облыстар бөлінісімен қарақұйрық санын есепке алу жұмыстары жүргізілген. Қорытындысында біздің облыста 2017 жылы екі мыңнан сәл асатын қарақұйрық болған. 2018 жылы да өсім жоғары болмаған. 2050 бас қарақұйрық Сыр бойында жайылыпты. Былтырғы өсімге көз салсақ та сол, 20 бас қана қосылған. 2070 қарақұйрық. Иә, дала қорықшылары қорғайтын түз жануарлары там-тұмдап болса да өсіп келеді. Оған да шүкір делік.

